



## Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 938 Жарлығы.

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар:

- 1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;
- 2) Тұжырымдаманың орындалу барысы туралы ақпаратты Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде белгіленген тәртіпте және мерзімде ұсынын.

3) Тұжырымдаманы орындаудың аралық нәтижелерін Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде ұсынын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 04.09.2024 № 640 Жарлығымен.**

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ. Тоқаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2022 жылғы 22 маусымдағы  
№ 938 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған **ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

**Ескерту. Тұжырымдамаға өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 04.09.2024 № 640 Жарлығымен.**

### МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Паспорт.

- 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау  
 3-бөлім. Халықаралық тәжірибелі шолу  
 4-бөлім. Бәсекелестікті қорғау және дамыту саласын дамытудың пайымы  
 5-бөлім. Бәсекелестікті қорғау және дамыту саласын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері  
 6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер  
 Қосымша Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

## **1-бөлім. Паспорт**

Атауы	Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандығы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының 8-жалпы ұлттық басымдығының 1, 4-міндеттері Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 2 қарашадағы № 21-4788 тапсырмасы
Әзірлеуші мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
Іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар
Іске асыру мерзімі	2022-2026 жылдар

## **2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау**

### **2.1. Бәсекелес ортаның ағымдағы жай-күйін және бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу бойынша қабылданып жатқан шараларды бағалау**

2018 - 2021 жылдар аралығында жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне монополияға қарсы орган жүргізген талдаулардың нәтижелері ел экономикасының базалық салаларында нарықтық биліктің жоғары шоғырлану деңгейі (бәсекелестіктің төмен деңгейі) бар екенін көрсетеді.

Соңғы үш және одан да көп жыл ішінде үш ірі тауар (тауар деп азаматтық айналым объектісі болып табылатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет түсініледі) берушінің шоғырлану деңгейі (белгілі бір ірі өнім берушілер санының тауар өткізу (беру) көлемінің осы тауар нарығында барлық өнім берушілердің тауар өткізуінің (беруінің) жалпы көлеміне пайыздық қатынасы ретінде айқындалады) орташа алғанда 60-тан 100%-ға дейінгі диапазонда өзгеріп отырады.

Нәтижесінде, нарықтардың қалыптасқан құрылымы "монополиялық рентаны" теріс пайдаланудың алуан түріне алғышарттар жасайды. Осыған байланысты монополияға

қарсы органның күш-жігірі ұзак уақыт бойы Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды анықтауға және олардың жолын кесуге бағытталды.

Электр энергиясының нарықтары жоғары шоғырланумен сипатталады. Электр энергиясының көтерме сауда нарығын электр энергиясын өндіру, тасымалдау және бөлшек саудада өткізу бойынша энергиялық активтерді қамтитын вертикальды интеграцияланған энергетикалық компаниялар ("Самұрық-Энерго", "Қазақстан коммуналдық жүйелері", "Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы" компаниялары топтарының жиынтық үлесі 50%-дан асады, жекелеген шекараларда нарықтар іс жүзінде 100%-ға дейін монополияланған) және жекелеген өнірлік электр станциялары олигополиялап алған. 2019 - 2021 жылдар аралығында осы топтардың салыстырмалы үлестері өзгеріссіз қалды немесе болмашы өзгеріске үшірады.

Бөлшек сауда нарығында энергиямен жабдықтаушы үйымдар арасындағы бәсекелестікті дамыту үшін тауар нарығының онтайлы құрылымы жеткілікті дәрежеде үйымдастырыла алмады: іс жүзінде электр желілік және (немесе) энергия өндіруші үйымдармен вертикальды интеграцияланған энергиямен жабдықтаушы үйымдардың үлесі 55-70%-дан (Нұр-Сұлтан қаласында, Түркістан, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында) 90-100%-ға дейін (қалған өнірлерде) өзгеріп отырады.

Отын-энергетика кешені саласында олигополистік топтардың неғұрлым үстем болу деңгейі мұнай өнімдері нарықтарында да байқалады, онда 2021 жылдың қорытындылары бойынша сұйытылған мұнай газын үш ірі берушінің үлесі 80%-ға (2019 жылы - 86%, 2020 жылы - 77%) жетті (үш негізгі өнім берушінің: "CNPC", "Petrosun", "KMG" үлесі 70%-дан астам, бұл ретте жекелеген жергілікті өндірушілер газды негізінен географиялық орналасуына сәйкес келетін өнірге береді).

Коммуналдық-тұрмыстық көмір нарығын талдау ірі 2 көмір берушінің нарықтық үлесі 70%-дан асатынын (2019 жылы - 76%, 2020 жылы - 74%) көрсетті, бұл ретте "Шұбаркөл Көмір" АҚ мен "Қаражыра" АҚ-ның үлесі әрқайсысында 30%-дан асады. Энергия өндіруші үйымдардың мұқтаждары үшін көмір берудің тауар нарығында "Богатырь Көмір" ЖШС тұрақты түрде үстем жағдайға ие болып отыр.

Сол сияқты көлік және байланыс саласындағы тауар нарықтарындағы шоғырлану деңгейі де жоғары болып қалуда. Теміржол жүк тасымалдары нарығын талдау нәтижелері осы нарықтың жоғары шоғырланғанын, бәсекесі дамымағанын көрсетті. 2021 жылы осы тауар нарығындағы үш ірі өнім берушінің үлесі 93%-дан астам (2019 жылы - 100%, 2020 жылы - 98%-дан астам) болды. Негізгі нарықтық үлеске "ҚТЖ - Жүк тасымалдары" АҚ ("ҚТЖ ҰК" АҚ-ның еншілес үйымы) ие болып отыр, ол арнаулы және әскери тасымалдарды да орындайтын және бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды да қамтамасыз ететін жүктөрдің ұлттық тасымалдаушысы болып табылады.

Жолаушылар теміржол тасымалдары қызметтерінің нарығын талдау нәтижелері бойынша жолаушылар айналымы жөніндегі ең көп үлесті "Жолаушылар тасымалы" АҚжәне "Қала маңындағы тасымалдар" АҚ тұлғалар тобы иеленетіні анықталды, олардың үлесі 63,5%-ды (2018 жылы - 76%-дан астам, 2019 жылы - 75%-дан астам) құрады. "Жолаушылар тасымалы" АҚ жолаушыларды, багажды, жукбагажын және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша ұлттық тасымалдаушы болып табылады.

Әуе көлігіндегі жолаушылар ағынының жалпы көлемінде, оның ішінде жекелеген ішкі жолаушылар тасымалдарында "Эйр Астана" АҚ, "SCAT" авиакомпаниясы" АҚ үstem жағдайға ие. Бұған дейін "Bek Air" АҚ авиакомпаниясының жолаушылар тасымалдау жөніндегі қызметі тоқтатыла тұрған болатын, бұл кейіннен нарықтың аса ірі ойыншыларының үstem жағдайын күштейтті, 2021 жылы олардың жиынтық үлесі 93%-дан астам (2019 жылы - 86%-дан астам, 2020 жылы - 89%-дан астам) болды.

Ұялы байланыс қызметтерінің нарығы шоғырлану деңгейі жоғары дуополистік болып табылады, (2019 - 2021 жылдар аралығында негізгі өнім берушілердің үлесі 100%-ды құрады). Нарықта екі нарық субъектісі - "Кар-Тел" және "Қазақтелеком" тұлғалар тобы бар (бұрын 2016 жылға дейін төрт нарық субъектісі: "Алтел", "Мобайл Телеком-Сервис", "Кселл" және "Кар-Тел" әрекет еткен). Мемлекет қатысатын ұлттық компания - "Қазақтелеком" АҚ-ның үлесіне мобильді байланыс нарығының 60%-дан астамы тиесілі.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында көрсетілетін қызметтердің ұсынылуы нарыққа қатысушылар санының көптігімен сипатталады, бұл ретте, осыған қарамастан, шоғырлану деңгейі жоғары, мысалы, тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету жөніндегі көрсетілетін қызметтер нарығында 2019 - 2021 жылдар аралығында көрсетілетін қызметтерді үш ірі берушінің үлесі 90%-дан асты (2019 жылы - 91,45%, 2020 жылы - 91,35%, 2021 жылы - 91,25%), 2021 жылы лифтілік қызмет көрсету қызметтерінің нарығында 89,7%-дан асты (2019 жылы - 89,5%, 2020 жылы - 87,2%), 2021 жылы домофон қызметтерінің нарығында 85%-дан асты (2019 жылы - 85,9%, 2020 жылы - 86,5%).

Жол битумы нарығы да үstem нарық субъектілерінің ("Қаражанбасмұнай" АҚ, "PETROSUN" ЖШС, "Газпромнефть-Битум Қазақстан" ЖШС) бар екенін көрсетті, 2021 жылы олардың үлесі 80%-дан асты (2019 жылы - 82,6%, 2020 жылы - 77,74%). Тұсті металдар нарықтарында да компаниялардың шектеулі саны ("Қазақмыс корпорациясы" ЖШС, "Қазмырыш" ЖШС, KAZ Minerals компаниялар тобы) өз қызметін жүзеге асыруда.

Мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі өзара іс-қимыл қағидаттарының бірі мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес

тұлғаларды құру және мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерін көңейту және (немесе) өзгерту монополияға қарсы органның келісімін талап етеді.

2021 жылы квазимемлекеттік сектордың 5 (2020 жылы - 15, 2019 жылы - 7) компаниясын құрудан бас тартылды. Бұл ретте құрылуы келісілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің 80%-дан астамы (2021 жылы - 61, 2020 жылы - 44, 2019 жылы - 50) әртүрлі әлеуметтік объектілер мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріне жатады.

Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу үлесін қысқарту жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін (бұдан әрі - тізбе) қысқарту арқылы да жүзеге асырылуда.

Тізбе бекітілгенге дейін АҚ, ЖШС нысанындағы квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 652 қызмет түріне рұқсат етілді, тізбе бекітілгеннен кейін олардың саны 346-ға дейін қысқарды. 2015 жылы тізбе бекітілген кезден бастап ол қысқарған жоқ, қайта жаңа заңнаманы іске асыру шенберінде рұқсат етілген қызмет түрлерінің саны 348-ге дейін өсті.

2019 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тізбеле ауқымды ревизия жүргізілді, оның қорытындысы бойынша монополияға қарсы орган негізінен сервистік көрсетілетін қызметтерге (жөндеу, қызмет көрсету) жататын 119 қызмет түрін алып тастауды ұсынды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 944 қаулысымен тізбе 31%-ға немесе 107 қызмет түріне (348-ден 241-ге дейін) қысқартылды.

Кодекске сәйкес монополиялық жағдайдың туындауын және (немесе) бәсекелестіктің шектелуін болдырмау мақсатында монополияға қарсы орган экономикалық шоғырлануды реттеуді жүзеге асырады.

Жалпы, 2021 жылы 48 (2020 жылы - 53, 2019 жылы - 80) мәміле бойынша келісім берілді.

Тергеп-тексеру рәсімінің шенберінде жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу тағы бір маңызды элемент болып табылады.

2021 жылы барлығы 121 тергеп-тексеру (2020 жылы - 109 тергеп-тексеру, 2019 жылы - 87 тергеп-тексеру) аяқталды.

Статистика көрсеткендегі, "жұмсақ құқық" құралдарын: ескертуді, хабарламаны, монополияға қарсы комплаенсті қолдану фактілерінің саны артып келеді.

Мысалы, 2020 жылы хабарламалар саны ең жоғары нәтижеге жетті - 874 хабарлама (2019 жылы - 558 хабарлама, 2021 жылы - 472 хабарлама). Хабарламалардың орындалуы 80%-дан асады.

Монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің келісілген жобаларының саны бойынша экспоненциалды өсу байқалады: 2021 жылы монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің 236 жобасы келісілді, 2020 жылы 82 жоба келісілді, 2019 жылы 1 жоба келісілді.

Монополияға қарсы орган бәсекелестікті дамыту жолындағы кедергілерді жою бойынша дәйекті жұмыс жүргізуде.

2017 жылы заңнамаға бәсекелестікті дамытуға кедергі келтіретін нормаларды анықтау тұрғысынан ревизия (108 заңға және 972 заңға тәуелді актіге мониторинг) жүргізілді. 2018 жылы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бәсекелестікке тосқауыл болатын кедергілер алып тасталды.

2020 жылы 50-ден астам заңнамалық актіде бәсекелестікке тосқауыл болатын нормативтік кедергілерге ревизия жасаудың 2-кезеңі аяқталды және анықталған проблемаларды шешу бойынша тиісті ұсыныстар "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңға енгізілді.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің жанынан краудсорсинг қағидаттарында тауар нарықтарына кіру кедергілерін анықтау және жою бойынша кеңестер (бұдан әрі - кедергілер жөніндегі кеңестер) құрылды. Кедергілер жөніндегі кеңестер жұмыс істеген уақыт ішінде бәсекелестікті дамыту жолында 58 жүйелік кедергі анықталды. Оларды шешу үшін әдіснамалық кеңестер құрылуда. 2021 жылы бәсекелестікті дамыту жолындағы 10 жүйелік кедергі жойылды.

## 2.2. Орта мерзімді перспективада шешуді талап ететін негізгі проблемалар

Жүргізіліп жатқан реформаларға қарамастан, Қазақстан Республикасының тауар нарықтарындағы бәсекелес ортаның бүрмалануына ықпал ететін және шешімді талап ететін жүйелік проблемалар сақталуда:

- 1) "негізгі қуатқа" шектеулі қол жетімділік;
- 2) баға белгілеуді бүрмалау;
- 3) тандап қамқорлық жасау немесе фаворитизм;
- 4) бәсекелестік және салалық саясаттардың өзара іс-қимыл мәселелері;
- 5) қолданыстағы бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерінің жетілмегендігі;
- 6) ақпараттың асимметриялығы.

"Негізгі қуатқа" шектеулі қол жетімділік

Бұғінгі күні "негізгі қуатқа" (бұдан әрі - НҚ) қол жеткізу шарттары реттелетін қызметтерді қорсету қағидалары шеңберінде салалық заңнаманың, табиғи монополиялардың қорсетілетін қызметтерін ұсыну шарттарын айқындайтын табиғи монополиялар туралы заңнаманың және тауар нарықтарындағы үстем, монополиялық жағдайды теріс пайдалануға тыйым салатын монополияға қарсы заңнаманың нормаларымен реттеледі.

Дегенмен, бұғінгі күні қолданылып жүрген заңнамада тиісті тауар нарығына кірудің нақты қағидалары жоқ, оны монополистер мен доминанттар тауарды өткізуден, оның ішінде тұлғалардың тұрақты тобымен жасалған ұзақ мерзімді келісімшарттарға сілтеме жасай отырып бас тартқан кезде пайдаланады.

### *Баға белгілеуді бұрмалау*

Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларға бағалар мен тарифтерді кәсіпкерлік субъектілері дербес айқындайды.

Атап айтқанда, Кодексте кәсіпкерлік субъектілерінің бағалары мен тарифтерін мемлекеттік реттеу белгіленетін 15 жағдай айқындалған. Мемлекеттік баға белгілеу көбінесе объективті түрде негізделген, бірақ жекелеген жағдайларда инновациялардың, бәсекелестіктің дамуын тежейді.

Мәселен, бағаны реттеу нарықтық баға белгілеу процесіне араласу бола отырып, әлеуетті бәсекелестер үшін тиісті тауар нарығының кірістілігіне қатысты дұрыс емес инвестициялық сигналдар береді.

Сонымен қатар, шекті баға деңгейін белгілеу арқылы жекелеген тауарлардың бағаларын реттеу әрекеттері "тарту" деп аталатын әсердің пайда болатынын көрсетті, бұл кезде бағалар мемлекет белгілеген шекті деңгейге көтеріле бастайды. Бұған 2020 жылы медициналық маскалардың шекті бағасын енгізу мысал бола алады. Медициналық маскаларға баға белгілеуді зерделеу өткізу желілеріндегі бағалардың шекті белгі деңгейінде белгіленгенін, сол арқылы өткізушилер арасында бағалық бәсекелестікті жоятынын көрсетті.

Өз кезегінде, баға белгілеудің шығынды әдісі реттелетін нарық субъектілерін өзінің шығыс бөлігін ұлғайтуға итермелеп, ресурстарды бөлу тиімділігін төмендетеді ( Аверч-Джонсон әсері) және оның өсуі кейіннен босату бағаларының тікелей артуы есебінен жабылады.

Бағаларды, тарифтерді тұтынушылар топтары бойынша саралау жеке көңіл бөлуге лайықты. Мысалы, электрмен жабдықтау қызметтеріне тарифтерді саралау электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы бағалық бәсекелестікке теріс әсер етеді. Мәселен, қазіргі таңда ірі тұтынушылардың (занды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдардың) баламалы энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға кету үрдісі байқалады, бұл энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұрмыстық тұтынушы үшін бәсекелестігіне

, сондай-ақ халыққа теріс етеді, өйткені кепілдік беретін өнім берушілер көлемінің азауы орташа босату тарифінің жыл сайынғы өсуіне алып келеді (көлемдер азайған кезде шығындар мен залалдар қалған тұтынушылардың мойнына түседі).

### *Таңдал қамқорлық жасау немесе фаворитизм*

Таңдал қамқорлық жасау немесе фаворитизм көріністерінің салдарынан бәсекелестіктің "пайдалы іс-қимыл" ("effet utile") қағидаты бұзылады. Бұл қағидат мемлекеттік органдардың нарыққа қатысушыларға негізсіз нарықтық билік беретін шешімдер қабылдаудың, бәсекелестіктің аллокативтік тиімділігін бұрмалайтын қолдау шараларының ұсынылуын, сондай-ақ нарық субъектілеріне арнаулы құқықтар берілуін шектейді.

Практикада әртүрлі нормативтік құқықтық актілер нарықтағы бәсекелестікті бұрмалайды. Мысалы, 2021 жылы монополияға қарсы орган жүргізген талдау шенберінде арнаулы құқықтар берілген 50-ден астам нарық субъектісі, оның ішінде жекелеген экономикалық функцияларды іске асыруға және қызметтерді монополиялық көрсетуге уәкілетті 4 жеке кәсіпкерлік субъектісі анықталды.

Фаворитизм немесе таңдал қолдау көрсету практикасы жекелеген компанияларға мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуда да көрінуде, бұл экономиканың түрлі секторларындағы бәсекелестіктің дамуын тежейтін фактор болып табылады.

Бизнесті қолдаудың бірқатар мемлекеттік бағдарламаларында квазимемлекеттік сектордың ірі компанияларына негізгі құралдарды жаңарту үшін айрықша жағдайлар көзделген, сол арқылы нарықты монополияландыруды қүшетуге және нарықтың қалған қатысушыларының бәсекеге қабілетті бола алмау жағдайына ықпал ететін кемсітушілік жағдайлар жасалған.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде де мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігі және оны ұсыну рәсімдерінің ашықтығы жөнінде сұрақтардың бар екенін атап өтті. Атап айтқанда "калыптасқан жүйе негізінен ірі құрылымдарға "достарға бәрі, қалғандарына заң бойынша" қағидатымен қызмет көрсетуге бағдарланған. Шын мәнінде, қазіргі жүйе экономикадағы олигополияны одан әрі қүшетеді. Ирі кәсіпорындар бәсекелестікті тұншықтырып, реформаны тоқтатын ерекше артықшылықтарға ие" деп атап көрсетілді.

Шектеулі ресурстардың бәсекеге қабілетті болып бөлінбеуі де таңдал қамқорлық жасау немесе фаворитизм көріністерінің бірі болып табылады. Жекелеген тауар нарықтарында әрқылы жоспарлар, беру графіктері түріндегі бөлу жүйесі әлі де болса сақталуда. Экономикадағы ағындар жүйесін болжау мүмкіндігіне қарамастан, мұндай жүйе нақты бөлу өлшемшарттарының болмауына байланысты бәсекелестікті шектеуге алғышарттар жасайды. Оның үстіне, ресурстарды әкімшілік бөлудің өзі нарық қатысушыларын бір-бірімен жарысқа түсуге ынталандырмайды. Белгілі болғандай, дәл осы бәсекелестік шектеулі ресурстардың тиімді қайта бөлінуіне ықпал етеді.

Мысалы, Мемлекет басшысы 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында жанар-жағармай материалдарын өндіру және бөлу жүйесінің ашық еместігі проблемасын да атап көрсетті.

### *Бәсекелестік және салалық саясаттардың өзара іс-қимылы*

Бұғаңғы күні экономиқаның тиісті салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде салалық мемлекеттік органдардың бәсекелестікті дамыту жөнінде шаралар қабылдауға әлсіз тартылатыны байқалады, сол арқылы бәсекелестік және сапалық саясаттардың өзара іс-қимылы кезінде теңгерім болмайды. Соның нәтижесінде ел экономикасында бәсекелестікті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілер сақталуда.

Бұл бірқатар себептердің болуына байланысты:

1) нарыққа мемлекеттік әсер ету түрлері арасындағы мұдделердің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізуге байланысты қайшылықтар мен объективті қындықтар. Мемлекеттің еркін нарықтық экономикаға араласуы нарықтың "сәтсіздіктеріне" негізделген. Мемлекет төлем теңгерімінің көрсеткіштерін теңестіріп, бюджеттік тепе-тендікке, валюта бағамдарының тепе-теңдігін белгілі бір деңгейде ұстауға, инфляцияны төмендеуге қол жеткізе отырып, тұрақтандыру саясатын жүргізеді. Бәсекелестікті реттеу осында араласудың бірі болып табылады.

Монополияға қарсы саясаттың мақсаты экономиқаның жұмыс істеуіне тікелей араласпастан, қоғам үшін оң әсер алуға мүмкіндік беретін қажетті бәсекелестік шенберлерінің, жағдайларының жасалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты мемлекеттік саясаттың жекелеген бағыттары монополияға қарсы реттеуге қайши келуі мүмкін, бұл ретте басқа бағыттар бәсекелестікті дамытуға қолайлы бизнес-ахуалды қалыптастыруға ықпал ететін болады. Мысалы, сыртқы сауда саясаты еркін халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесе отырып, инвестициялық саясатпен қатар нарықтық ортаны және тиісінше бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді. Екінші жағынан, демпингке қарсы саясат монополияға қарсы саясаттың тұрғысынан мемлекеттің нарықтық процестерге негіzsіз араласуы болып саналуы мүмкін, өйткені монополияға қарсы заңнама тұрғысынан болмашы нарықтық үлеске ие нарық субъектілеріне де демпингке қарсы баж салынуы мүмкін.

Мемлекеттік өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік саясаты мен басқа да саясат түрлері таңдамалы жеңілдіктер мен преференцияларды беру шенберінде көбінесе жекелеген шаруашылық жүргізуі субъектілерге таңдамалы жеңілдіктер мен преференциялар беруге бағытталады, сол арқылы нарықты өндіріс тиімділігін арттыруға ынталандырудан айырады, бірақ нарықтың кейбір қатысушыларына ерекше артықшылықтар береді, бұл экономикалық агенттердің қосымша ресурстар алудың және тиісінше "чемпиондар" жасау жолымен ауқым әсерінің есебінен өндіріс тиімділігін арттыруға алып келеді. Екінші жағынан, монополияға қарсы саясат

бәсекелестік үшін жағдайларды теңестіруге және инвестициялау үшін ынталандырулар жасауға әкеледі, бұл экономикалық өсуге онынан ықпал етеді. Алайда, сонымен қатар, капиталдың іріленуіне, салалардағы шоғырлануға кедергі жасайды;

2) бәсекелестік және салалық саясаттар мақсаттарының бытыраңқылығы. Мәселен, егер бәсекелестік саясаттың мақсаты нарық субъектілерінің арасында жарыспалықтың болуын көздейтін бәсекелестік болса, салалық саясаттың мақсаты тауардың бәсекеге қабілеттілігі болып табылады, ол тұтынушылардың көзқарасы тұрғысынан тауардың үқсас мақсаттағы басқа тауарлардан артықшылығы болуын көздейді;

3) экономикалық өсудегі бәсекелестіктің рөлі. Бәсекелестік өзінің ынталандыруши (тауарларды өндіру және бөлу шығасыларын қысқарту, өнім сапасын арттыру, тауарлық маркаларды, тауарлардың атауларын ұлғайту және жаңа өнімді енгізу, пайданың өндіріске бағытталатын бір бөлігін ұлғайту) рөлінен бөлек, фирмалардың инвестициялық қызметке деген ынталасы мен мүмкіндіктерін төмендетеді. Мысалы, бәсекелестік күрес нәтижесінде бағаның төмендеуі (немесе олардың неғұрлым баяу өсуі) нарық субъектілерін инвестиациялауға және өндірісті кеңейтуге қажетті ресурстардан айырады.

### Мемлекеттің экономикаға қатысуының жоғары деңгейі

Қазақстанның экономикасына мемлекеттің қатысуын қысқарту бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, оның деңгейі жоғары болып қалуда (2021 жылы мемлекеттің экономикаға қатысу үлесі 14,6 % болды), мемлекет қатысатын компаниялар бұрынғысынша экономиканың маңызды секторларында: отын-энергетика кешені (мұнайды өндіру және қайта өндеу, табиғи газды өндіру және өткізу, электр энергетикасы), көлік (жүк және жолаушылар теміржол тасымалдары, жолаушылар авиатасымалдары), байланыс, коммуналдық көрсетілетін қызметтер, шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру, ауыл шаруашылығын қаржыландыру саласында басым болып отыр.

### Бұл бірқатар мәселелердің болуына байланысты:

1) қазіргі таңда монополияға қарсы орган мемлекеттің тауар нарықтарына қатысуының орындылығын бәсекелестіктің жай-күйін талдау шеңберінде айқындаиды.

Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу жеті кезеңді (тауарды, шекараларды айқындау, уақыт аралығы, нарықтың субъектілік құрамы, көлемі, кедергілер, бәсекелес ортаның жай-күйі) қамтиды. Сонымен қатар, мемлекеттің қатысуының орындылығын анықтау үшін қосымша үш кезең (квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құрылтай құжаттарын талдау, қаржы-шаруашылық қызметті талдау және бағалау, тауар нарығының субсидиарлық қағидатқа (мемлекеттің қосалқы роліне) сәйкестігін зерттең-қаралу) іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдердің барлығын өткізу ұзақ рәсім болып табылады және 12 айға жетуі мүмкін, бұл мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік сектор

субъектілерін бәсекелес ортаға беру жөніндегі тұжырымдардың өзектілігіне теріс әсер етеді;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің қолданыстағы тізбесі 2015 жылы қабылданды және ЭҚЖС-тың (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы) бес таңбалы кодтары көрсетіле отырып, иесіздендірілген тізімді білдіреді.

Практика мұндай иесіздендірілген тізімнің рұқсат етілген қызмет түрлеріне мемлекет қатысатын жаңа кәсіпорындарды құруға мүмкіндік беретінін, сол арқылы мемлекеттің кәсіпкерлікке қатысуы кеңейтілетінін көрсетеді;

3) бұғінгі күні мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушілерді іріктеу ең төмен баға қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Жосықсыз өнім берушілердің болуы, шектеулі мерзімдер мен процестің шектен тыс бюроқратиялануы салдарынан мемлекеттік органдар тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) (бұдан әрі - ТЖК) бәсекелестік негізде сатып алғысы келмейді. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдардың қажетті ТЖК ұсынумен айналысатын мамандандырылған ведомствоның бағынысты ұйым құруы оңайырақ. Бұл ретте конкурстан тыс іріктеуді қамтамасыз ету үшін заңнама деңгейінде тауарларды бір көзден сатып алу үшін әртүрлі негіздер, оның ішінде "бірынғай операторлар" және мемлекеттік тапсырмалар жасалады.

Бастапқыда мемлекеттік тапсырма институты жедел шешуді талап ететін аса маңызды міндеттерді шешу үшін құрылған болатын. Дегенмен, жекелеген жағдайларда мемлекеттік органдар бұл құралды өзінің бәсекеге қабілетті емес ведомствоның бағынысты ұйымдарын қамту үшін пайдаланады. ТЖК-ны бір көзден сатып алушың өзге негіздері туралы да осыны айтуга болады.

2021 жылы тізбеке 130 (2020 жылы - 158, 2019 жылы - 182) мемлекеттік тапсырма енгізілді. Квазимемлекеттік сектор субъектілері ғана тапсырмаларды алушы бола алды, жекеше бірлесіп орындаушыларды таңдау конкурсыз жүргізілді. Мемлекеттік тапсырмалар тізбесіне қосу өлшемшарттары да болмады, бұл мұндай тапсырмаларды кез келген тауар нарығында қолдануға мүмкіндік берді;

4) "Мемлекеттік мұлік туралы" Занда өнірлік даму институттарына жатқызылған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (бұдан әрі - ӘҚК) қызметі жеке назар аударуға лайықты.

ӘҚК-нің қызметін талдау бірқатар проблемалардың бар екенін анықтады.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде ӘҚК-нің алдында нақты мақсаттар мен міндеттердің болмауы. Бұғінгі таңда Үкіметтің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - ӘҚК тұжырымдамасы) ӘҚК қызметінің пайымын

айқындастын құжат болып табылады. ӘКК-нің мақсаттары мен міндеттерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер заңнамада жоқ. Бұл ретте ӘКК- нің тұжырымдамасы ӘКК қызметінің пайымын 2020 жылға дейін ғана айқындауды.

Функциялардың қайталануы. ӘКК-нің тұжырымдамасына сәйкес перспективалы жобаларды іске асыру үшін өнірлерге отандық және шетелдік инвесторларды тарту жөніндегі функциялар ӘКК қызметінің жеке бағыты ретінде бөліп шығарылды. ӘКК құрылған кезден бастап республиканың барлық өнірлерінде ӘКК-нің отандық және шетелдік инвесторларының қатысуымен 667 жоба іске асырылды.

Сонымен қатар, 2017 жылы инвестициялар тарту саласындағы мамандандырылған ұлттық компания - "KAZAKH INVEST" АҚ құрылды. Кодексте инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания мен оның өнірлік өкілдіктерінің функционалы айқындалған, сондай-ақ инвестициялар тарту саласындағы өнірлік ұйымдардың (ӘКК) функционалы айқындалған, ол "KAZAKH INVEST" АҚ-ның функцияларын толық қайталайды. Кодекстің 246-бабы 9-тармағының 7) тармақшасы ерекшелік болып табылады, оған сәйкес ӘКК онірдегі инвестициялық қызмет туралы ақпаратты ұлттық компанияның атына ұсынады.

Үкіметтің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 585 қаулысына сәйкес инвесторларды "бір терезе" қағидаты бойынша сүйемелдеуді:

экономиканың барлық салаларында инвестициялар көлемі 150 мың АЕК- тен басталатын жобаларды іске асыратын инвесторларға қатысты "KAZAKH INVEST" АҚ және оның өнірлік өкілдіктері;

экономиканың барлық салаларында инвестициялар көлемі 150 мың АЕК- тен кем жобаларды іске асыратын қалған инвесторларға қатысты ӘКК жүзеге асырады.

Осылайша, қолданыстағы өзара іс-қимыл тәртібі "KAZAKH INVEST" АҚ мен ӘКК арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратпайды, ал субъектілер сол бір жұмысты инвестициялардың көлеміне қарай орындауды.

Конкурстан тыс негізде жер участекеріне құқықтар алу. Жер кодексінің 48-бабына сәйкес мемлекеттік меншіктегі жер участекерін немесе жер участекерін жалдау құқығын беру конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Бұл ретте жер участекесі немесе жер участекесін жалдау құқығы инвестиациялық және инновациялық жобаларды іске асыру үшін ӘКК-ге берілетін жағдайларда конкурстар өткізу талап етілмейді.

Жер участекесі ӘКК-нің жарғылық капиталын (меншігін) төлеуге жер участекесінің кадастрық (бағалау) құны бойынша есептелетін баға бойынша беріледі. Участекені ӘКК-нің меншігіне ресімдеу жарияланған акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

Кодекске сәйкес инвестиациялық жоба мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және ( немесе) жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп

тұрғандарын кеңейтуге және (немесе) жаңартуға инвестицияларды қөздейтін іс-шаралар кешенін білдіреді. Осылайша, қолданыстағы заңнаманың аясында тек өндірістік объектілер ғана инвестициялық жобалар ретінде танылуы мүмкін.

Бұл ретте бірқатар бірлескен жобаларда (15%) жергілікті атқарушы органдар ӘҚК-ге жер учаскелерін конкурстық рәсімдерді өткізбей, тұрғын үй құрылышының, сауда-ойын-сауық объектілерінің (монша кешендері, мейрамханалар, қонақ үйлер) жобаларына бөледі;

5) арнаулы құқықтар берілген және жекелеген экономикалық функцияларды іске асыруға және қызметтерді монополиялық көрсетуге уәкілетті бірыңғай операторлардың алуан тұрларін құруға заңнамалық деңгейде жағдайлар жасалған. Аталған операторлар IT, көлік, байланыс және қаржы салаларындағы қызметті жүзеге асырады.

Бұл ретте квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік кәсіпорындарға операторлық мәртебе берілген, бұл мемлекеттің экономикаға қатысуын едөүр арттырады.

#### *Қолданыстағы бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерінің жетілмелегендігі*

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының оқынан бағаланған, оның ішінде ЭЫДҰ және Дүниежүзілік Банктің сарапшылары оқынан бағалаған дәйекті түрде дамытылуына қарамастан, бәсекелестік саясатты дамытудың жаңа кезеңі бәсекелестікті қорғау және дамыту жөніндегі шаралардың іске асырылу сапасын елеулі түрде арттыруды талап етеді.

#### *Бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу әдіснамасы.*

Әзірленген Әдістеме негізінде тауар нарықтарындағы бәсекелес ортаның жай-күйін талдау және бағалау, оның ішінде тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін айқындау мақсатында осы тауар нарықтарына талдау жүргізу кезінде, экономикалық шоғырлануды мемлекеттік бақылау кезінде, бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген әрекеттердің, үstem немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың белгілерін анықтау кезінде, мемлекеттің кәсіпкерлік ортаға қатысуының орындылығын анықтау мақсатында мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайзызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне талдау жүргізу кезінде пайдаланылады.

Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу сегіз кезеңді қамтиды.

Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау кезінде бастапқы ақпарат ретінде әртүрлі қөздер, оның ішінде статистика, әділет, мемлекеттік кірістер органдарының деректері, салалық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың мәліметтері, салалық қауымдастықтардың, бұқаралық ақпарат қуралдарының мәліметтері, талдау жасалатын тауар нарықтары бойынша зерттеулердің деректері пайдаланылады.

Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-қүйін, нарық құрылымын, кірудегі кедергілерді, мемлекеттің қатысуының бәсекелестікке тигізетін әсерін талдау әдістемесінің пәрменділігіне қарамастан, монополияға қарсы заңнаманы дамытудың қазіргі заманғы үрдістері нарықтың жағдайды толыққанды көп факторлы экономикалық талдауды бірінші орынға қояды.

Мысалы, картельдік келісімдерді талдау кезінде сатушылардың мінез-құлқының баға мен шығарылымға тигізетін әсерін дәлелдеуге, яғни экономикалық проблемаға емес, бағаның тіркелуі туралы келісімнің болғанын дәлелдеуге, яғни құқықтық проблемаға баса назар аударылады.

Осыған байланысты экономикалық талдауды нарықтың бәсекелестікке қарсы келісімдерге бейімділігін көрсететін белгілерді анықтау үшін пайдалануға болады:

- 1) сатушылар саны. Бұл сан қаншалықты аз болса, олардың қызметін үйлестіру шығасылары соншалықты аз болады;
- 2) өнімнің біртектілігі. Өнім біртекті болған сайын өнімнің сапасын өзгерту арқылы алдау соғұрлым қыын болады, өзгеріс бірден байқалады;
- 3) сұраныстың баға бойынша икемділігі. Сұраныстың икемділігі қаншалықты аз болса, монополиялық бағадан пайда болатын пайда соншалықты көп болады, демек монополияландыруға ынталандыру да көбірек болады;
- 4) кіру шарттары. Кіру кедергілері қаншалықты аз болса және нарыққа кіру қаншалықты жылдам жүзеге асырылса, картельдендіруге ынталандыру соншалықты аз болады;
- 5) бағалық және бағалық емес бәсекелестіктің салыстырмалы мәні. Көбінесе бағаны тіркеу бағалық бәсекелестікті бағалық емес (сапа, сервис, көрсетілетін қызметтер, опциялар) бәсекелестікпен алмастыруға алып келеді. Түптеп келгенде, бұл тауарлық маркалар арасындағы бәсекелестіктің күшеюіне алып келеді;
- 6) нарық уақыт өте келе жатыр ма, қысқаруда ма немесе тұрақты ма. Егер нарық өсіп келе жатса, картельге қатысуышылардың өз міндеттемелерін орындауын қадағалау қыын. Нарықтың үлестен айырылған сатушы сатып алушыларды тартуда бәсекелестерден артта қалуы мүмкін. Уақыт бойынша тұрақты нарық ашық және картельдендіруге бейім болады. Ең қолайлысы - қысқартылу үстіндегі нарық, өйткені ендігі жерде тұрақты шығасылар шығарылымды азайту есебінен қысқартыла алмайды. Бағалық бәсекелестік әсіресе, компаниялардың банкроттығы тәуекелдеріне және жоғары бағаны ұстап тұру қажеттілігіне байланысты деструктивті болады;
- 7) нарықтағы сатып алушылардың құрылымы. Бірдей мөлшердегі сатып алушылар қаншалықты көп болса, картельдің мүшелерінің біреуінің қажетті транзакцияларды жайғана көбейту есебінен алдауын ашу ықтималдығы соншалықты көбірек болады.

Экономикалық талдау нарықтың табысты картельденгенін көрсететін фактілерді де анықтай алады.

1) монополиялық билікті пайдалану әдісінде бүкіл нарық ауқымындағы бағалық кемсіту;

2) ОПЕК картелі жақсы бейнеленетін мысал: неғұрлым ірі фирмалардың нарықтық үлесінің уақыт өте келе қысқаруы, бұл олардың нарыққа жаңа қатысушыларды тартқан монополиялық бағаны белгілегенін, олардың неғұрлым төмен бағаны белгілеу арқылы нарықтың бір бөлігін алып қойғанын білдіруі мүмкін;

3) нарықтық үлестердің жоғары тұрақтылығы;

4) шығасылдағы немесе сұраныстағы өңірлік айырмашылықтармен түсіндіруге болмайтын бағадағы өңірлік айырмашылықтар;

5) шығару көлемінің қысқаруына үштасқан бағаның өсуі;

6) қазіргі нарықтық бағада өнімнің жақсы алмастырғыштарының болмауымен үштасқан сұраныстың жоғары икемділігі монополиялық баға белгілеудің нәтижесі болуы мүмкін.

Бәсекелестіктің жай-күйін талдаудың қолданыстағы әдіснамасын цифрлық экономикаға қатысты қолдану жеке мәселе болып табылады.

Монеталаудың жаңа модельдері, өнім берушілер мен сатып алушылардың өзара іс-қимыл жасау тетіктері бойынша ұсынылатын жаңа цифрлық өнімдердің пайда болуы нарық құрылымдарының өзгеруіне алып келеді және көптеген елдердің бәсекелестік ведомстволары үшін бақылау-қадағалау органдары өз функцияларын орындау үшін пайдаланған дәстүрлі құралдар жиынтығын өзгерту қажеттілігі туындалады.

*Экономикалық шоғырлануды реттеу.*

Жалпы алғанда, сарапшылар қоғамдастырылған экономикалық шоғырлануды реттеудің ырықтандырылуы бөлігінде Қазақстан заңнамасының оң өзгеру динамикасын атап өтуде, бірақ оның сипаты жүйелі және кешенді болып табылмайды. Өзгерістер көбінесе эпизодтық сипатта болды.

Келісілген (98%) және тыйым салынған (2%) мәмілелердің арақатынасы монополияға қарсы органның экономикалық шоғырлану жөніндегі мәмілелерді қарастырып тиімділігі аз екенін айғақтауы мүмкін, бұған реттелетін саласын одан да кеңінен қамту себеп болуы мүмкін. Қазіргі танда экономикалық шоғырлануды бақылау саласын бөлу заңнамада бекітілген мәмілелерді экономикалық шоғырлану деп тану өлшемшарттарына, сондай-ақ мәмілелердің экономикалық шоғырланудың активтері мен айналымдарының құны бойынша шекті мәндерге негізделген.

Экономикалық шоғырлануды реттеу саласын бөлудің объективтілігі монополияға қарсы органның персоналына және бизнес-ортаға түсетін жүктеменің ұтымдылығын тікелей көрсетеді. Осылайша, экономикалық шоғырлануды реттеу саласын ұтымды бөлмеу қаупі оның бәсекелестікті шектейтін мәмілелерді анықтау жөніндегі базалық мақсатты монополияға қарсы органның экономикалық шоғырлануға арналған өтінішхаттарды қарастырып, жөніндегі бюрократиялық рәсімдерді формальды орындауымен алмастыруға ықпал етуі мүмкін екендігінен көрінеді.

Мұндай жағдайларда экономикалық шоғырлану мәмілелерін келісу жөніндегі қолданыстағы әкімшілік рәсім инвестициялық тартымдылықтың төмендеуіне алып келеді. Монополияға қарсы органға ұсыну үшін талап етілетін ақпараттың орасан зор қөлемі, өтінішхаттарды қараудың ұзақ мерзімдері қолданыстағы рәсімнің шамадан тыс жүктемесінің себептері болып айқындалды.

### Аппараттың асимметриялығы

Асимметриялық ақпарат кәсіпкерліктең көптеген жағдайларға тән. Әдетте, тауарды беруші сатып алушыға қарағанда тауардың сипаттамаларын, сондай-ақ нарықтағы ұсыныстар туралы көбірек біледі. Бұл жағдайда "сөтсіздікке ұшыраудың" алғышарттары қалыптасады, өйткені асимметриялық ақпарат сұранысты қайта бағыттауға кедергі қалыптастырады: жаңа

қатысуышылар үшін тиісті тауар нарығына кіру жағдайларын, сондай-ақ тұтынушылардың неғұрлым тиімді ұсыныстарды іздеу мүмкіндіктерін шектейді, сол арқылы сатушылардың тұтынушы үшін бәсекелестігін тежейді.

Мысал ретінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің нарықтарын келтіруге болады. Қазіргі таңда энергиямен жабдықтаушы ұйымды ауыстырудың қолданыстағы тәртібі және тұтынушылардың өздерінің электрмен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні ауыстыру мүмкіндігі туралы әлсіз хабардар болуы тұтынушылардың электр энергиясын баламалы берушілерге ауысу ынтасын төмендетеді.

Оның үстіне, ақпараттың асимметриялығы тұтынушылардың мінез-құлық әлсіздіктерін бірдейлендіруге және пайдалануға және оларды иррационалды таңдау жасауға мәжбүрлеуге негізделген жосықсыз сауда практикаларының пайда болуына алғышарттар жасайды.

### 3-бөлім. Халықаралық тәжірибелі шолу

Бәсекелестікті қорғау мен дамытудың тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында қазіргі заманғы болмысты ескере отырып, ЭҮДҰ, Еуропалық Одақ (бұдан әрі - ЕО), Аустрия, Ұлыбритания, Германия, Италия, Канада, Қытай, Ресей Федерациясы (бұдан әрі - РФ), АҚШ және басқа елдердің халықаралық тәжірибесі мен үздік әлемдік практикалары зерделенді.

#### "Негізгі қуат" доктринасын дамыту

"Негізгі қуат" доктринасының дамуы АҚШ-тың трестке қарсы заңнамасына байланысты, кейіннен біртіндеп жақындашу ЕО-да да осындай практиканың пайда болуына алып келді. Шарт жасасудан бас тартуға, тұтынушылардың түрлері бойынша кемсітуге, шарт талаптарын тануға байланысты теріс пайдалану түрлері НК-қа байланысты теріс пайдалануға жақынырақ.

Еуропалық комиссияның (бұдан әрі - ЕК) Бәсекелестік жөніндегі бас директораты НК-қа қол жеткізуді шектеудің мынадай 5 шартын тұжырымдады:

- 1) практика шарт жасасудан бас тарту ретінде сыйыпталуға тиіс (бұған, мысалы, шектен тыс жоғары бағалар белгіленген жағдайда созу немесе келісу тактикасы жатады);
- 2) бас тарту туралы мәлімдейтін нарық субъектісі үстем жағдайға ие болуға тиіс;
- 3) инфрақұрылым немесе объект немесе өндіріс ресурстары алмастырылмайтын болып табылады;
- 4) бас тарту барша ықтималдығы бойынша бәсекелестікке теріс әсер етумен сүйемелденетін болады;
- 5) бас тартудың объективті түсініктемесі болмайды.

Осылайша, НҚ-ға иелік ететін, оның көмегімен негізгі нарықта да, сабактас нарықта да бәсекелестікті жоюға қабілетті және оның қайталануы экономикалық түрғыдан орынсыз болатын, қолжетімділікті ұсыну орындала алса да және НҚ иесінің экономикалық қызметіне теріс әсер етпейтін болса да, тіпті әділ ақы үшін де басқа нарық субъектісіне оған қолжетімділік бермейтін, үстем жағдайға ие нарық субъектісі монополияға қарсы заңнаманы бұзады.

Microsoft Corporation-ра қатысты монополияға қарсы істер шетелдік монополияға қарсы практикада НҚ-қа қол жеткізуді қолданудың мысалы болып табылады. ЕО-да (2000-шы жылдардың ортасы) тәуелсіз серверлік және мультимедиялық бағдарламалық қамтылым өндірушілерінің нарыққа кіруін шектеу айыпталды. Microsoft Corporation-ның бәсекелестікке қарсы шаралар қолдану фактісі дәлелденді. Нәтижесінде монополияға қарсы органның бұзушылықтарды тоқтату туралы нұсқамаларынан басқа, компанияға қойылған талаптардың жеткілікті түрде жедел орындалмағаны үшін айыппұлдар сериясы салынды.

### Бага белгілеуді бұрмалау

Бұрмаланған баға белгілеуге байланысты негізгі проблемалардың бірі - айқаспалы субсидиялау деп аталатын проблема: ол бағалық кемсітудің бір түрі, онда бір сатып алушылар (тұтынушылар) үшін баға шекті шығасылардан жоғары, ал басқалары үшін төмен белгіленеді, бұл, түptеп келгенде, орташа шығасыларға тең бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ТМД елдерінде инфляцияның жоғары деңгейімен сипатталатын экономикалық құлдырау кезеңінде (1990-шы жылдардың басында) халықты әлеуметтік қолдау, оның ішінде жеңілдікті тарифтерді қолдану арқылы қолдау шаралары қабылданды. Сала кәсіпорындары шығасыларының өсуі өзге тұтынушылар үшін электр энергиясының бағасын өсіру есебінен өтеді.

Соңғы 10-15 жылда ЕО елдері ортақ бірыңғай әлеуметтік тарифтерден кезең-кезеңімен бас тартты. Олар халықтың бағасын ШОБ-тың бағаларына алғып келді және атаулы субсидиялар тетіктеріне (мысалы, Ұлыбританиядағы Winter Fuel Payment тетігі, ол бойынша 11,8 млн зейнеткер жылына 2,1 млрд фунт стерлинг алады), сондай-ақ түрғын үйдің энергиялық тиімділігін арттыру бойынша "реттеуші энергия сервисі" бағдарламаларына көшті. Мысалы, EnergyCompany Obligation -

Ұлыбританиядағы өткізу компанияларының энергия аудитін жүргізу және энергия нарығындағы ұстемеақылардың есебінен халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтары үшін энергия үнемдеу шараларын енгізу жоніндегі міндеттемесі. АҚШ-та халықты қолдаудың тағы бір әдісі lifeline rates ("әлеуметтік норма") болып табылады, ол энергияны аз тұтынатын үй шаруашылықтары үшін энергиямен жабдықтаудың қолжетімділі болуын қамтамасыз ететін, әдетте, 300-500 кВтс дейін және одан жоғары межеленуі бар сатылы тариф.

Жалпы алғанда, озық дамыған елдерде баға белгілеуді бұрмалауға байланысты проблемаларды болдырмау үшін мемлекеттің нарықтық процестерге араласпау ("Laissez-Faire") қағидатын ұстанады. Мұндай тәсіл нарықтың сұраныс пен ұсыныс зандары негізінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге оңтайлы нарықтық бағаны дербес белгілейтініне, тиісті тауар нарықтарында және тұтас экономикада дұрыс баға сигналдарын белгілеуге әкелетініне негізделеді.

### *Таңдал қамкорлық жасау немесе фаворитизм*

Дүниежүзілік экономикалық форумның халықаралық сарапшылары пандемия кезеңінде қолданылатын қолдау шараларынан туындағынын тәуекел коронадағдарысынан туындаған ықтимал жаңа проблема болып табылатынын, бұл нарықтық жағдайларды бұрмалау құралы болуы мүмкін екенін айтуда.

Осыған байланысты, мемлекеттік органдардың бәсекелестікті бұрмалауға әкеп соғатын шешімдер қабылдауын шектеу мақсатында халықаралық практикада бәсекелестікке әсер етуді бағалау құралдары қолданылады.

Бәсекелестікке әсер етуге бағалау жүргізу жөніндегі басшылықтар мен ұсынымдар, мысалы, ЕО, ЭҮІДҮ елдерінде әзірленген және әзірленіп жатыр, олардың арасында Ұлыбритания, Австралия ерекше көзге түседі.

Барлық дерлік жағдайда бәсекелестікке әсер етуді бағалаудың оң ықпалы айқын әрі бағалаудың осы түрін қолдану нарықтардағы жарыспалықтың айтарлықтай артуына және демек, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жақсаруына мейлінше тез қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бәсекелестікке әсер етуді бағалау барлық нормативтік құқықтық актілер (бұдан әрі - НҚА) бағалануға жататын және ерте ме, кеш пе бағалау және қайта қарау рәсімінен өтетін кездे ерекше сезілетін оң нәтиже береді.

Бәсекелестікке әсер етуге бағалау жүргізу мәселелерінде Ұлыбритания сөзсіз көшбасшы болып табылады. Нормативтік актілер биліктің барлық деңгейлерінде, соның ішінде муниципалдық деңгейде де бағаланады. Ұлыбританияның әділ сауда басқармасының ұсынымдарына сәйкес бәсекелестікке әсер етуді бағалау реттеушілік әсер етуді бағалау шенберінде жүргізіледі (реттеудің үш баламалы нұсқасы, оның ішінде "мәртебе-кво" нұсқасы қаралады) және бәсекелестік сұзгісі пайдаланылады.

Биліктің барлық деңгейлерінде және барлық аумақтарда барлық НҚА-ның бәсекелестікке әсер етуіне "жаппай" бағалау жүргізудің тағы бір мысалы Австралияның Ұлттық бәсекелестік саясатының іс-шаралары болып табылады.

1995 жылы Хилмердің баяндамасында айтарлықтай оң әлеуметтік әсерді қамтамасыз ететіндерді қоспағанда, бәсекелестікті шектейтін заңнамалық нормаларды жою Аустралиядағы экономикалық реформаның негізгі міндеті деп белгіленді.

Бәсекелестікті шектейтін заңнаманы қайта қарау және оған ревизия жасау 1996 жылдан бастап жүзеге асырылды. Ұлттық бәсекелестік саясатының шарттары бойынша бәсекелестікті шектейтін заңнамалық реттеу тек 2 жағдайда ғана: егер жергілікті қоғамдастық үшін бәсекелестікті шектеуден түсетін пайда оның шығындарынан асып кетсе және егер заңнамалық реттеудің мақсатына бәсекелестік шектелген жағдайда ғана қол жеткізіле алса, сақталуы мүмкін.

**Бәсекелестік және салалық саясаттардың өзара іс-қимылы**

РФ-да Федералдық монополияға қарсы қызмет салалық ведомстволармен бірлесіп, жыл сайын 5-7 тауар нарығында бәсекелестікті дамыту жоспарын өзірлейді. Мұндай жоспарды іске асыру жол карталарын қалыптастыру және орындау арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, бәсекелестікті қорғау және дамыту процесіне барлық салалық ведомстволар тартылады және олардың салалық саясаты белгілі бір дәрежеде ортақ бәсекелестік саясатымен үйлестіріледі.

**Мемлекеттің экономикаға қатысуының жоғары деңгейі**

"Федералдық түгендеу туралы" АҚШ Заңында барлық федералдық агенттіктердің жыл сайын функционалдық талдау жүргізіп, министрлікке (бюджет және менеджмент департаментіне) функциялардың дәстүрлі және коммерциялық болып бөлінген тізімін ұсынатыны көзделген. Барлық коммерциялық функциялар/көрсетілетін қызметтер, оның ішінде аталған заңмен бекітілген, авторы Дж. Кеннеди атындағы Гарвард мектебінің профессоры Стефан Голдсмит болып табылатын "Сары беттер қағидалары" ("Yellow pages rules") арқылы одан әрі жекешелендірілуге жатады. Олар алғаш рет АҚШ-та (Индианapolis штаты) қолданылды, соның нәтижесінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 50-ден астам түрі бәсекелес ортаға берілді, ал қызметтердің көрсетуге арналған шығыстар 400 млн астам АҚШ долларына азайды.

"Сары беттер қағидалары" гольф аландарын, демалыс және ойын-сауық саябақтарын, музейлерді, хайуанаттар бағын жекешелендіру кезінде іске асырылды, бұл сапасы үздік көрсетілетін қызметтерді неғұрлым арзан бағамен ұсынуға алып келді.

Қолданыстағы бәсекелестікке қарсы көріністермен күрес тетіктерінің жетілмелегендігі

**Экономикалық талдау.**

Монополияға қарсы органдар қабылдайтын шешімдерге экономикалық талдаудың ықпалы дамыған елдерде де, дамушы елдерде де күшейе түсуде.

ӘІДҰ елдеріндегі бәсекелестік ведомстволары мен жоғары сот органдарының шешімдерінде экономикалық зерттеулерге сілтемелер жиі пайдаланылуда. Мысалы, АҚШ-тағы сот шешімдерінің 75%-дан астамы (1997 - 2006 жылдар аралығында) бәсекелестік жөніндегі практикалық істерде экономикалық зерттеулерге негізделген.

ЕО-ның және ЕО Сотының бәсекелестікке қарсы мінез-құлық фактілері бойынша қабылдаған шешімдері бойынша да осындай жағдай.

Соттардың құқықтық айқындылықты қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық талдауды пайдалануға деген көзқарасы бәсекелестік мәселелерінде экономикалық талдаудың таралуында шешуші рөл атқарды.

Монополияға қарсы құқық қолдану мәселелерінің көбінесе экономикалық тұрғыдан кешенді әрі күрделі болып табылатынын ескере отырып, халықаралық практикада бәсекелестік ведомстволары бәсекелестік жөніндегі бас экономистерді (Chief Competition Economist) тиісті экономикалық сараптамаға жиі тартады.

Мысалы, ЕО-да бас экономист Бәсекелестік жөніндегі бас директораттың құрамына кіреді. Оның командасына 28 экономист те кіреді. Ол ЕО-ның бәсекелестік қағидаларын қолдану мәселелері бойынша тәуелсіз экономикалық баға береді, бәсекелестік жөніндегі (атаң айтқанда, күрделі экономикалық мәселелер мен сандық талдауға байланысты) жекелеген істерді қарауға қатысады, сондай-ақ сот істері бойынша көмек көрсетеді.

Цифрлық нарықтарды талдау. 2020 жылға қарай бірқатар елдер, мысалы, Германия мен Австрия өздерінің монополияға қарсы заңдарына цифрлық нарықтардың жұмыс істеу ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер енгізді. Басқа елдер цифрлық дәуірдегі бәсекелестіктің ерекшелігін заңға тәуелді актілер мен ұсынымдар деңгейінде ескерді. Бұл елдерге, атап айтқанда, Оңтүстік Корея, Жапония жатады. Монополияға қарсы заңнамасын өзгертуге әлі үлгермен елдер, атап айтқанда, Қытай, Ұлыбритания, Италия, Ресей, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы, Бразилия тәсілдерді жетілдіру қажеттігін белсенді түрде талқылауда.

Монополияға қарсы заңға цифрлық нарықтардың ерекшелігін ескеретін түзетулерді енгізген алғашқы ел Германия Федеративтік Республикасы болды. 2017 жылдың шілдесінде Монополияға қарсы тоғызынышы пакет "Бәсекелестікті қорғау туралы" неміс заңына тауарды цифрлық кеңістіктегі зерттеу объектісі ретінде айқындауға қатысты новеллалар енгізді, сондай-ақ цифрлық платформалардың ұstem жағдайын айқындау өлшемшарттары көзделді.

Енгізілген өзгерістердің ерекшеліктері:

біріншіден, тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді өтеусіз беру, яғни тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді басқа тарапқа (мысалы, пайдаланушыларға) ақы алмай немесе оның есесіне өзге ештеңе ұсынылмай беру нарықтың шекарасын анықтауға кедергі келтірмейтінін, егер тауар немесе көрсетілетін қызмет сатып алушыға өтеусіз берілсе де нарықтың өмір сүре беретінін нақтылау болып табылады. Бұл түзету монополияға қарсы ведомствоның тауар немесе көрсетілетін қызмет (мысалы, интернет-іздеу, мессенджерлер) өтеусіз берілсе де, нарықтың шекарасын айқындаі алғынына күмән болмауы үшін заңға енгізілді.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өтеусіз берілуі туралы бұл түзету неміс заң шығарушысы мен ЕК-тің интернеттегі жалпы іздеу көрсетілетін қызметтері нарығында Google компаниясына қары қаралған істегі құқық қолдану практикасына үндес. Атап айтқанда, ЕК цифрлық платформаның көрсетілетін қызметтерді пайдаланушыларға өтеусіз беруі нарықтың жоқтығын білдірмейді, өйткені экономикалық қызмет платформаның басқа жағында жүзеге асырылады деп атап көрсетеді. Тиісінше, көпжақты цифрлық нарықтарға талдау жасау кезінде цифрлық платформаның барлық жағын талдау қажет;

екіншіден, цифрлық платформалардың үстем жағдайын бағалау кезінде ескерілуі қажет жаңа факторларды енгізу болып табылады. Мәселен, көпжақты нарықтар мен желілік платформаларға қатысты шаруашылық жүргізуші субъектінің нарықтағы үстем жағдайын бағалау кезінде сондай-ақ:

- 1) тікелей және жанама желілік әсерлер;
- 2) пайдаланушылардың бірнеше цифрлық платформаларды қатар пайдалануы және пайдаланушиның басқа цифрлық платформаға өту шығасылары;
- 3) желілік әсерлерге өзара байланыста өндіріс ауқымының есебінен үнемдеу;
- 4) компанияның бәсекелестікке қатысты деректерге қол жеткізуі;
- 5) инновациялардың бәсекелестікке әсері ескеріледі.

Негізгі назар цифрлық салада монополияға қары заңнаманың мынадай бұзушылықтарын анықтау мен олардың жолын кесуге аударылған:

- 1) бәсекелестікке қары, оның ішінде компьютерлік алгоритмдер пайдаланылған келісімдер. Бұл Big Data негізіндегі қызметті үйлестіру.

"Үлкен деректер" және "цифрлық алгоритмдер" бәсекелестікке қары сөз байласудың екі құрылымдық факторына: оның қатысуышыларының өзара іс-қимыл жиілігіне және тиісті нарықтың ашықтығына әсер етуі мүмкін. "Цифрлық алгоритмдерді" бәсекелестер бір-бірінің бағаларын мониторингтеу және кез келген өзгерістерге жедел жауап беруді бағдарламау үшін әлеуettі түрде пайдаланылуы мүмкін. Алайда, көпшілік жағдайда нарықта байқалған мінезд- құлық бәсекелестердің өзара алдын ала қандай да бір байланыс жасамай - ал бұл бәсекелестер арасындағы келісімге тыйым салатын құқықтық ережелер шенберінен шығатын практика емес - "алгоритмдерді" бір мезгілде пайдалануының нәтижесі болып табылады.

Осылайша, нарыққа қатысуышылар "үлкен деректерді" және "цифрлық алгоритмдерді" бәсекелестікке қары келісімді іске асыру немесе бәсекелестікке қары мінезд-құлықты үйлестіру құралы ретінде мақсатты түрде пайдаланған жағдайларда, олар бәсекелестікке қары келісім немесе бәсекелестікке қары үйлестіру контексінде түсіндірілуі мүмкін. Бұл ретте нарықты "мониторингтеу" мен бағаны түзетудің мұндай тәсілі ұқсас компьютерлік алгоритмдерді бір мезгілде пайдалану туралы орын алған уағдаластықтар дәлелденуі ықтимал "алгоритмдік сөз байласу" ретінде саралануы мүмкін;

2) өзінің тауарлары мен сервистерін басым етуге байланысты кемсітушілік және жосықсыз практика. Бұл негізгі қуатқа қол жеткізудің арқасында өзінің сервистерін өткізу.

Атап айтқанда, ЕК 2008 жылдан бастап Google компаниясының стратегиядағы өзінің сатып алуларды салыстыру сервисін ілгерілетуге бағытталған іргелі өзгерістерді еуропа нарықтарында іске асыра бастағанын, бұл Google-дің Интернет желісіндегі жалпы іздеу нарығында:

өзінің салыстыру қызметіне жүйелі түрде басым орын беру;

іздеу нәтижелерінде бәсекелес сатып алуларды салыстыру сервистерінің рейтингін төмендету;

3) цифрлық тауарларды байланыстыру. Бұл сатып алушының басқа тауарды сатып алу шартымен тауар сату. Немесе басқа сатушының тауарын сатып алмау туралы міндеттеме жүктеу арқылы үстем болуына негізделгенін атап көрсетті.

ЕК 2015 жылы Google компаниясының "Android" ОЖ базасында құрылғыларды өндірушілер үшін бірқатар шектеулер белгілеу жөніндегі әрекеттеріне қатысты іс қозғады.

Жүргізілген тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша ЕК Google және Alphabet компанияларының әрекеттерін ЕО-ның жұмыс істеуі туралы шарттың 102-бабын бұзы деп тану және олардың тиісті бұзушылықты тоқтатуы туралы шешім қабылдады.

Google компаниясының үстем жағдайды теріс пайдалануы:

1) Google Play Store-ні Google компаниясын және Google Chrome браузерінің қосымшасын іздеумен заңсыз байланыстырудан көрінді. Google компаниясының лицензиялық келісімінің шарттары ондірушілердің Google бәсекелестері әзірлеген қосымшаларды алдын ала орнатуына мүмкіндік бермейді;

2) Google Search алдын ала орнатылған жағдайда, Google компаниясы тарапынан кейбір ірі құрылғы өндірушілерге заңсыз төлемдер төлеуден;

3) құрылғы өндірушілердің Google макұлдамаған Android-тың кез келген балама нұсқасын (Android-тің "ашалары") пайдалануына тыйым салудан көрінеді;

4) геоблокинг. Бұл нарықтардың контентті бұғаттау көмегімен ұлттық белгі бойынша үйлестірілген бөлімдері. Бәсекелестікті әлеуettі бұзы ретінде геоблокинг техникаларын қолдану практикасы соңғы уақытта цифрлық нарықтарда кеңінен таралды. ЕК бәсекелестікке қарсы осы әлеуettі практиканы құқықтық және экономикалық бағалау бойынша белсенді жұмыс істеуде, ол әртүрлі цифрлық нарықтарда бәсекелестік артықшылықтар алу үшін геоблокинг технологияларын пайдаланған компанияларға қарсы бірнеше тергеп-тексеру мен қозғалған істердің тәжірибесіне ие.

ЕК-нің әртүрлі цифрлық нарықтарда трансшекаралық сауданы геоблокинг арқылы шектеу жағдайларын анықтау және талдау жөніндегі практикасын қорытар болсақ, ЕК-нің жалпы түрдегі тәсілдері мынаған тіреледі:

1) геоблокинг ортақ нарықтағы бәсекелестік қағидаларын бұзу ретінде көбінесе тауарларды немесе сервистерді (бейнеконтент, ДК-ойындары, лицензияланған өнімдерді онлайн-сату) онлайн-сатуға болатын нарықтарда көрінеді;

2) геоблокинг шарттары зияткерлік меншік құқығының құқық иеленушілері мен лицензиаттар арасында жасалған лицензиялық келісімдерде көзделеді;

3) қарау кезінде бәсекелестік құқық пен зияткерлік меншік құқығының нормаларын салыстыру қажет.

Экономикалық шоғырлануды реттеу.

РФ-да монополияға қарсы органмен келісуге жататын мәмілелер санын оңтайландыру және қысқарту мақсатында бірқатар объектілерге қатысты ерекшеліктер айқындалады. Мысалы, өнеркәсіптік мақсаты жоқ ғимараттар мен объектілерге, мысалы, бизнес-орталықтар, сауда-ойын-сауық кешендері, көтерме және бөлшек сауда объектілері және басқа да өнеркәсіптік емес үй-жайлар жатады. Мұндай объектілерге қатысты мәмілелер жасалатын нарықтар, әдетте, олигополиялық емес. Мұндай нарықтардағы бір субъектінің шешімі, әдетте, басқа субъектілердің көптігіне байланысты оларға шешуші әсер етпеуі мүмкін.

РФ-да сондай-ақ мәміленің нысанасы болып табылатын активтердің баланстық құнының неғұрлым жоғары шекті мәні (20%) қолданылады. Бұдан басқа, РФ-да тұлғалар тобына қатысты ережелерді оңтайландыру жөнінде әрекеттер жасалды, Осыған байланысты экономикалық шоғырлануға арналған өтінішхатта Қазақстандағы қарағанда субъектілердің аз саны сипатталады.

Ақпараттың асимметриялығы

Сұранысты қайта бағдарлау кедергілерін жою. Тұтынушының назары өнім берушілер арасындағы бәсекелестік тайталастың негізгі нысанасы болып табылады. Халықаралық практикада мұндай тұтынушы үшін empowered consumer (сөзбе-сөз - "білік берілген тұтынушы") термині енгізілген.

Көрсетілетін қызметтерді берушіні ауыстыру шығасылары қаржылық (төлеу қажеттілігі), транзакциялық (әрекет жасауға, ақпарат алуға уақыт пен күш жұмсау қажеттілігі) және тіпті ментальдық (мысалы, мәртебе-квоның кез келген өзгеруіне адамның ынтасын төмендететін сананың табиғи "зәкірлігі" немесе белгілі бір әрекеттерді жасаудан психологиялық жайсыздық) болуы мүмкін. Типіне қарамастан, мұндай кедергілер тұтынушылардың тиімсіз өнім берушіден кету және жақсы бәсекелестік ұсыныс алу мүмкіндігін шектейді, демек, бәсекелестікті тежейді. Сондықтан тұтынушылар үшін ауыстырып қосудың шығасылары барынша аз болуына ұмтылу қажет.

Бұл жағдайда Германияның тәжірибесі көрнекі болып табылады: тұтынушы электр берушілердің баға ұсыныстарын салыстыруды және олармен келісімдер жасасуды

қамтамасыз ететін арнаулы интернет-ресурстың көмегімен өзінің мұқтажына оңтайлы тарифті анықтай алады, содан кейін әртүрлі байланыс тәсілдері (телефон, интернет, офис) арқылы шарт жасасуға өтінім жібереді.

Өтінімді алғаннан кейін жаңа өнім беруші бұрынғы ЭЖҰ-ны шарттың бұзылатыны туралы хабардар етеді және тұтынушыны өзінің қызмет көрсетуіне өткізу бойынша тиісті рәсімдерді жүргізеді. Бұл рәсім орта есеппен екі аптаға жуық уақытты алады және тұтынушының 30%-ға дейін жеңілдік алуына мүмкіндік береді.

Ұлыбританияда жосықсыз бәсекелестікті ашу тетіктері шеңберінде нарық субъектілерінің тұтынушылардағы мінез-құлық әлсіздіктерін бірдейлендіру мен пайдалануға және оларды ақпараттың асимметриялығына негізделген иррационалды таңдау жасауға мәжбүрлеуге негізделген жосықсыз баға белгілеу практикасы қарастырылады:

1) тамшылатып баға белгілеу (*drip pricing*). Баға белгілеудің бұл түрі қонақжайлышық, саяхаттар индустриясында, тауарларды интернет арқылы сатуда мейлінше жиі пайдаланылады. Компаниялар бастапқыда төмен базалық бағаны ұсынады, ол тұтынушы үшін "електіргіш" болып табылады, бірақ "факт бойынша" талап етілетін не сайттың келесі беттерінде ұсақ қаріппен көрсетіletін қосымша алымдарды қамтымайды. Мысалы, қонақүй нөмірінің бастапқы төмен бағасына жергілікті салықтар мен курорттық немесе туристік алымдар, тамақтану, қосымша сұлгілер мен халаттарды, теледидар бағдарламаларын, барды, бассейнді, жаттығу залын немесе спаны пайдаланғаны үшін ұстемақылар қосылады. Авиакомпаниялар багаж, орын таңдау, салықтар, тамақтану үшін алымдарды қамтымауы мүмкін. Нәтижесінде түпкілікті баға әлдеқайда жоғары болады.

Бастапқы төмен бағалар нұсқаларға сапалы салыстыру жүргізуге мүмкіндік бермейді және адаптациялар үшін жаза болып табылады. Себебі, сатып алу процесіне белгілі бір уақытын жұмсаған тұтынушы толық ақпарат алған кезде өз уақытын үнемдеу мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Ол, әдетте, бағаның айқындауши мәні болатын, қатаң бағалық бәсекелестігі бар салаларда қолданылады. Еуропалық Одақта, Австралияда реттеуіші органдар осындағы қосымша алымдарды алуға тыйым салған және оларды баға ұсынысында дереу ескеруді талап етеді;

2) жаппай сату бағасы жоғарылатылған әдеттегі бағаға негізделген жаппай сату (*sales*). Жосықсыз ритейлерлер алдымен бағаны көтереді, ал содан соң жеңілдік жасаған болады. Бағаны осылайша қолдан көтеру сатып алушының тауарды 50% жеңілдікпен сатып ала отырып, оны жаппай сатылымға дейінгі немесе аз жеңілдік берілген бағадан қымбатқа сатып алуына әкеп соғуы мүмкін;

3) кешенді баға белгілеу (*complex pricing*), мұнда бірлік бағасы сатып алушының тарапынан белгілі бір есептеуді талап етеді. Мысалы, мультибрендтік дүкенде бір тауарға бір жеңілдік берілсе, ал фирмалық дүкенде оған екі жеңілдік көрсетілген.

Тұтынушылар көп жағдайда соңғы бағаны жылдам есептеу мүмкіндігі мен қабілетіне ие болмайды, сондықтан көп санды таңдайды;

4) еліктіру (baiting), мұнда сатушылар тәмендетілген баға бойынша қолжетімді тауарлардың шектеулі саны бар арнаулы ұсыныстарды алға тартады. Бұл тәмендетілген бағамен жарнамаланған тауарлардың саны жасанды түрде шектеулі болатын не тауарды сатып алу кезінде ол сатуда болмайтын, оның орнына сатып алушыға негұрлым қымбат нұсқасы ұсынылатын жағдай. Қолдан тапшылық жасалады және сатып алуға қызықкан сатып алушы тоқтай алмай, артық төлейді;

5) арнаулы баға қысқа кезең ішінде қолжетімді болатын, уақыт бойынша шектеулі ұсыныстар (time-limited offers). Бұл тұтынушының пайдадан құр қалу қаупіне негізделген тауарлар ұсыныстары. Нәтижесінде тұтынушылар көбінесе сатып алады жоспарламаса да, дереу әрекет етеді. Мұндай "флэш-жаппай сатылымдар" брендтің айналасында дүрбелен ғасап, асығыстық сезімін тудырады. Мұндай жаппай сатулардың негізгі қағидаты: тапшылық пен таймер сатып алушыны өзіне еліктіреді.

#### **4-бөлім. Бәсекелестікті қорғау және дамыту саласын дамытудың пайымы**

Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың жазалаушы бағытынан тауар нарықтарында бәсекеге қабілетті орта қалыптастыруға көшуге бағдарланып отыр.

Қазақстан Республикасының бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясатын дамытудың тиісті векторы қазіргі таңда Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі құжаттарында - Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында (бұдан әрі - Стратегия), "Әртараптандырылған және инновациялық экономиканы құру" атты 8-жалпыұлттық басымдықта (бұдан әрі - Жалпыұлттық басымдық), Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) бекітілген.

Стратегия талаптарының бірі адаптациялық қарастырылған қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты, адаптациялық Ұлттық жоспарда баяндалған ел дамуының жаңа моделін қалыптастырудың негізгі қағидаттарының бірі деп жарияланды. Ұлттық жоспарда, оның ішінде кәсіпкерлердің экономикалық белсенділігін ынталандыру мен дамытуға, жеке меншік пен бәсекелестікті тиімді қорғауға бағытталған Жалпыұлттық басымдықты іске асыру тәсілдері жалпы тұжырымдалған.

Жалпыұлттық басымдықта Қазақстан үшін, оның ішінде:

реттеуден уәждеуге;

жоғары әкімшілік бақылаудан кәсіпкерлік қызметті жеңілдетуге және заңды жүргізуғе;

мемлекеттің меншік иесі және салалардағы реттеуші ретіндегі белсенді рөлінен жекеше субъектілер арасындағы саламатты бәсекелестікке бағытталған қағидаттық өзгерістер айқындалған.

Жалпыұлттық басымдықта қағидаттық өзгерістерді іске асыруға қажетті, оның ішінде бәсекелестік салаларда мемлекет иелігінен алу, сондай-ақ саламатты бәсекелестік ортаны қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндеттер де айқындалған.

2026 жылдың қорытындысы бойынша орта кәсіпкерліктің Қазақстан экономикасындағы үлесін 16%-ға дейін ұлғайту негізгі стратегиялық көрсеткіш болып табылады. Бұл көрсеткішке кәсіпкерлік субъектілерінің түйінді өндіріс факторларына, мемлекеттік қолдау шараларына кемсітусіз қол жеткізуін қамтамасыз ету, бәсекелестікті дамыту жолындағы реттеушілік кедергілерді қысқарту арқылы қол жеткізілетін болады.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерін жетілдіру бойынша тұжырымдалған шаралар монополияға қарсы реттеудің профилактикалық шараларының нәтижелілігін арттыру есебінен бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтар санын азайтуға, сондай-ақ монополияға қарсы орган қабылдайтын, экономикалық талдауды қолдануға негізделген шешімдердің сапасын арттыруға бағытталатын болады.

Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Иске асырылып жатқан шаралар мемлекеттік тапсырмалардың, бірыңғай мемлекеттік операторлардың, мемлекеттік сатып алу мен квазимемлекеттік сектор сатып алуының бәсекелес емес түрлерінің санын қысқартуға бағытталған.

Жоғарыда санамаланған шаралардың салааралық сипатта екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 484 Жарлығына сәйкес барлық орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу және проактивті бәсекелестік саясатын енгізу жөніндегі жұмысқа тартылатын болады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылдың қорытындысы бойынша ауыстырып қосудың шығасылары мен кедергілерін жою жөніндегі бәсекеге қабілетті шаралар іске асырылатын болады.

## **5-бөлім. Бәсекелестікті қорғау және дамыту саласын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері**

Бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту 7 негізгі қағидат негізінде жүзеге асырылады:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің тенденция (бәсекелі бейтараптық).

Бәсекелестік саясаттың негізгі қағидаты, оған сәйкес нарықтың барлық қатысушыларына, олардың меншік нысанына және кез келген өзге мән-жайларға

қарамастан, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тең жағдайлар мен мүмкіндіктер беріледі;

2) монополияға қарсы реттеудің профилактикалық шараларының басымдығы.

Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы және нарық субъектілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды орындауға ынталандыру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану алдында басымдыққа ие болады. Қоғамда бәсекелестік мәдениетін қалыптастыру;

3) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысуы ("Сары беттер қағидалары" ("Yellow Pages rules")).

Жеке кәсіпкерлікті және бәсекелестікті дамыту мақсатында мемлекет кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің қатысу үлесін қысқартуға бағытталған шаралар қабылдайды;

4) бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жауаптылығы.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өз құзыреті шегінде бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде тиісті экономика салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде бәсекелестікті дамыту жөнінде шаралар қабылдауға және бәсекелестіктің "пайдалы іс-қимыл" ("effet utile") қағидатын бұзатын әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасамауға міндетті;

5) монополияға қарсы реттеу мен бақылаудың ақпараттық ашықтығы мен айқындылығы.

Монополияға қарсы органның қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдау бойынша жариялышы және ашық болуға тиіс;

6) адад бәсекелестік.

Бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға бағытталған қызметке, жосықсыз бәсекелестікке тыйым салынады. Монополистік қызмет заңмен реттеледі және шектеледі;

7) бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясат нәтижелерінің өлшенетіндігі.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) негізгі қуатқа қол жеткізу;

2) тауар нарықтарына кірудің әкімшілік және экономикалық кедергілерін қысқарту;

3) кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;

4) мемлекет қатысатын нарық субъектілерінің үлесін қысқарту (экономиканы мемлекет иелігінен алу);

5) бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерін жетілдіру;

6) ауыстырып қосудың шығасылары мен кедергілерін жою.

*Негізгі қуатқа қол жеткізу*

НҚ-та қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды міндеп болып табылады.

Бұған магистральдық теміржол желісі, байланысқа арналған кәбілдік көріз, әрі қарай өндіреуге арналған бастапқы металдар, теңіз порттары, дәрі-дәрмек өндіруге арналған субстанциялар, өндіріс технологиялары мысал болып табылады. Негізгі қуатқа қол жеткізудің: тең қолжетімділік, ашықтық, ақыллылық қағидаттары ғана айқындалып қоймай, бас тарту шарттары, мерзімдері, негіздері және басқалар да тәптіштеледі.

Нарықтардың жоғары шоғырлануы жағдайында, оның ішінде отын-энергетика кешені саласында тәуелсіз өнім берушілердің өндірушілер ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет.

Нарықтың қалыптасқан олигополиялық құрылымын ескерер болсақ, биржалық (ұйымдасқан) сауданы дамыту бәсекелестікті дамытудың қажетті құралы болып табылады, оның бірқатар артықшылықтары бар:

ресурстарға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, ол сауда-саттыққа сатушылар мен сатып алушылардың шектелмеген тобының бір мезгілде қатысу мүмкіндігіне негізделеді;

сенімді баға индикаторларын қалыптастыратын ақпараттық нарыктық баға белгілеуді қалыптастыру;

биржалық алаңдар сауда-саттыққа қатысушыларға биржа клирингін пайдалана отырып жасалған мәмілелер бойынша міндептемелерді орындауға, сондай-ақ ресурстарды ұнемдеуге (сауда-саттықты қысқа мерзімде өткізу, кеңінен өңірлік қамту, контрагенттерді іздестірудің және конкурстық рәсімдерді өткізуіндең қажеттілігі болмауы) кепілдік береді.

Осыған байланысты 2 негізгі міндеп: биржалық тауарлар тізбесін кеңейту және биржалық сауда-саттық көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту шешілуге тиіс.

Қазақстандық мұнай өнімдері нарығы монополияланудың жоғары дәрежесімен сипатталады. Көтерме, сондай-ақ бөлшек сауда нарықтарында ұstemдік ететін вертикалды интеграцияланған компаниялардың қызметі тәуелсіз шағын кәсіпкерлерді ығыстырып шығарады. Осыған байланысты мұнай өнімдерін өндіру және өткізу жүйесінің ашықтығын арттыру жөніндегі жұмыс маңызды бағытқа айналады.

Тауар нарықтарының жұмыс істеуі мен ресурстарды өткізуінде жаңа бәсекелестік шарттары ұсынылатын болады.

Мұнай өнімдерінің биржалық сауда-саттығы сауда сессиясы ішінде баға өсуінің ең жоғары пайыздық қадамын, біркелкі өткізу көлемдерін, сондай-ақ бағаның жоғары ауытқуы жағдайларында сауда-саттықты тоқтата тұруды қоса алғанда, кез келген баға айла-шарғысын болдырмайтын "қатаң" шеңберлерде өткізілетін болады.

Мұнай өнімдерінің биржадан тыс көлемдерін өткізу контрагенттерді іріктеу тәртібін, өнімді өткізуден бас тарту негіздерін айқындайтын НҚ-ға қол жеткізу қағидалары шенберінде жүзеге асырылатын болады.

Мұнайдың биржалық саудасына кезең-кезеңімен көше отырып, мұнай мен мұнай өнімдерін қолданыстағы "алыс-беріс" беру схемасының тетігі де қайта қаралатын болады. Жер қойнауын пайдаланушылардың ішкі нарықтың қажеттілігін қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерін сақтау жағдайында осы тәсілдерді іске асыру нарықтың жұмыс істеуінің ашықтығын ғана емес, жаңа ойыншылардың қол жеткізуіне барлық шектеулердің алып тасталуын, сондай-ақ өнімсіз дедалдардың нарықтан кетуін қамтамасыз етеді.

Тауар нарықтарына кірудің әкімшілік және экономикалық кедергілерін қысқарту  
1) бәсекелестік және салалық саясаттардың өзара іс-қимылын оңтайландыру.

Монополияға қарсы орган бәсекелестік және салалық саясаттардың өзара іс-қимылын оңтайландыру мақсатында салааралық өзара іс-қимылға баса мән береді.

Осы өзара іс-қимылды камтамасыз ету үшін тиісті тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне монополияға қарсы орган жүргізген талдаудың нәтижелері бойынша тиісті салалық мемлекеттік органдармен бірге бәсекелестікті дамыту жол карталары әзірленетін болады.

Бәсекелестікті дамыту жол карталарының шенберінде бәсекелес ортаға бірлесіп әсер етудің негізгі тетіктерін, индикаторларды айқындау міндеті тұр. Нәтижесінде орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде тиісті экономика салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде бәсекелестікті дамыту жонінде шаралар қабылдайтын болады;

2) енгізілетін реттегіш құралдың және (немесе) талаптың әсер етуін бағалау, бәсекелес ортаның жай-күйін реттеуді қатаңдату тетігін енгізу.

Бәсекелестік мәселелері бойынша заңның қабылдануына байланысты енгізілетін реттегіш құралдың және (немесе) талаптың әсер етуін бағалау, бәсекелес ортаның жай-күйін реттеуді қатаңдату тетігі (бұдан әрі - БӘБ) енгізіледі. БӘБ дегеніміз - екі негізгі мақсатқа жетуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді талдау процесі. Біріншіден, бәсекелестікке қажетсіз кедергі келтіретін нормалар анықталады. Екіншіден, олар мұндай кедергілерді аса қажеттіліксіз жасамауы үшін оларды қайта қарауға көмек көрсетіледі.

БӘБ-ті мемлекеттік органдар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді (нақты салаларда), сондай-ақ әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын бағалау үшін пайдалана алады.

БӘБ-ті қолдану мемлекеттік органдардың салалық саясатты бәсекелестікке ықтимал әсерін ескере отырып түзетуіне мүмкіндік береді.

Егер БӘБ-тің нәтижелері тауар нарығындағы бәсекелес орта жай-күйінің нашарлау ықтималдығын көрсететін болса, нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеуші

бағаланатын реттеу нормалары сияқты мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін бәсекелестікке қарсылығы неғұрлым аз баламаны табуға тиісті болады.

Осылайша, мемлекеттік органдар ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес өзірленген БӘБ әдіснамасын қолдана отырып, негіzsіз шектеулер санын азайта алады.

БӘБ-ті нормативтік құқықтық актілердің жобаларын өзірлеу процесіне енгізу нарықтың жұмыс істеуі қажеттіліксіз шектелетін салаларды көрсетіп және сонымен бір мезгілде мүмкіндігі болғанша бәсекелестікті дамытуға бағдарлана келе, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін баламалы нормаларды ұсына отырып, елеулі экономикалық пайда әкеледі;

3) баға белгілеуді бұрмалауға әкеп соғатын факторларды жою.

Баға белгілеуді бұрмалауға әкеп соғатын және соның салдарынан бағалық бәсекелестікті жоятын факторларды жою мақсатында баға реттеу құралдарын монополияға қарсы бақылау құралдарымен кезең-кезеңімен ауыстыру жөніндегі шаралар іске асырылатын болады;

4) кедергілер жөніндегі кеңестердің жұмысын жандандыру.

Тауар нарықтарына кіру кедергілерін анықтауға және жоюға бағытталған краудсорсингтік аландардың қызметі күштейтілегін болады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің алдында сөйлеген сөзінде мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну тәсілдерін түбебейлі түрде қайта қарау жөнінде міндет қойды.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша бастама жасалған экономиканы қолдау, халықтың іскерлік белсененділігі мен жұмыспен қамтылуын ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешенін іске асыру жағдайларын қоспағанда, фаворитизм көріністері үшін алғышарттарды жою мақсатында қабылданатын мемлекеттік қолдау шаралары монополияға қарсы органмен келісілетін болады.

Мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау кезінде тауар нарығының шоғырлану деңгейі, оның монополиялануы, нарыққа кіру кедергілерінің бар- жоғы, шағын, орта кәсіпкерліктің үлесі, нарық балансы және мемлекеттің қатысу деңгейі ескерілетін болады.

Бұл кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жаңа шараларын, қағидаларын келісу және қолдау шараларын ұсынатын тұлғалардың қызметіне бәсекелестік заңнамасының сақталуы тұргысынан мониторинг жасау арқылы іске асырылатын болады.

Мемлекет қатысатын нарық субъектілерінің үлесін қысқарту (экономиканы мемлекет иелігінен алу)

Бәсекелестікті дамытудың маңызды бағыты мемлекеттің қатысуын қысқарту болып табылады.

Осыған байланысты мемлекеттің экономикадағы рөлі оны қасіпкерлік қызметте ірікеп төмендегу және нарыққа қатысушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету есебінен өзгертілетін болады. Осы жұмыстың нәтижелері мемлекеттің тиісті нарықтық таушаларды босатуы, тауар нарықтары субъектілерінің арасындағы бәсекелестікті арттыру, сондай-ақ бәсекелестік жағдайында өз қызметін оңтайландыруға мәжбүр болатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шығындарын қысқарту есебінен жекеше қасіпорындар санын ұлғайтуды қамтамасыз етеді. Бұл бағыт төмендегі міндеттерді шешу арқылы іске асырылатын болады.

### 1) "секторлық тәсілді" қолдану.

"Сары беттер қағидалары" ("Yellow Pages Rules") қағидатын іске асыру үшін мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Мемлекет иелігінен алу процестерін жылдамдату үшін "секторлық тәсіл" (жылдамдатылған жекешелендіру әдісі) енгізіледі. Мәселен, ЭКЖС-ға (қасіпкерлік қызметтің ірілendіrlген санаттары) байлаудың орнына көптеген тауар нарықтарын қамтитын нақты экономикалық қызмет салалары қаралатын болады.

Бәсекелес ортаға беруге жататын активтерді іріктеудің жаңа тәсілдері екі кезеңде іске асырылатын болады.

Бірінші кезекте, қоғамға, мемлекеттік органдарға түсінікті базалық іріктеу өлшемшарттары ұсынылатын болады. Бұл шағын және орта қасіпкерліктің, жекеше инвестициялардың үлесі, жеке қасіпкерлердің бөлшек сауда айналымы. Бұл көрсеткіштер жекешелендіру объектісі орналасқан әкімшілік шекараларда қаралатын болады.

Екінші кезеңде мемлекеттік үстем компанияларды жекешелендіру кезінде монополиялық жағдайдың жасалуына жол бермеу мақсатында жекешелендіру жоспарын қалыптастыру тәртібі айқындалатын болады. Монополияға қарсы орган активті бағалау алдында сондай-ақ қалыптасқан нарық құрылымын ескере отырып, жекешелендірудің нұсқалары туралы ұсыныстар беретін болады;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін оңтайландыру.

Мемлекеттің экономикаға катысуын түбегейлі түрде қысқарту жөніндегі жаңа міндеттер ескеріле отырып, қызмет түрлері тізбесінің жаңа форматы әзірленді. Қолданыстағы құралдарды қайта қарау "ақылды реттеу" қағидаттарын енгізуге, атап айтқанда өнірлердегі бәсекелестіктің даму деңгейін ескере отырып, мемлекет қызметінің түрлерін қысқартуға мүмкіндік береді.

Тізбенің жаңа редакциясы ауыл халқына залал келтірмей, мемлекеттің ірі қалаларда катысуын болдырмауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, жекешелендіру жоспарының

орындалуы ескеріле отырып, мемлекеттің бәсекелестігі дамыған нарықтарға қайтадан қатысуына жол бермеу мақсатында өзекті емес қызмет түрлері автоматты түрде алып тасталады.

Тізбенің жаңа форматы мемлекет пен бизнес мұдделерінің теңгерімін ескере отырып, мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуын қысқартуға мүмкіндік береді;

3) мемлекеттік тапсырмалардың санын қысқарту және мемлекеттік, квазимемлекеттік секторда сатып алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Ведомствоның бағынысты кәсіпорындарды қаржыландыру мен ТЖҚ-ны бәсекелі емес тыс сатып алудың негұрлым кең таралған нысаны ретінде мемлекеттік тапсырмаларды бөлу негіздерінің түпкілікті тізбесін айқындау кәсіпкерлікке мемлекеттің қатысуын қысқарту жөніндегі бағыттардың бірі болады. 2022 жылдың басында қабылданған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Занды іске асыруда бірыңғай құқық қолдану практикасын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік тапсырмаларды монополияға қарсы орган айқындастын тәртіппен келісу рәсімі енгізілетін болады.

Аралас экономика жағдайында сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекет сатып алуды кәсіпкерлікті қолдаудың қуатты құралына айналдырып, экономиканың тұтас салалары қатарының ірі тұтынушысы ретінде әрекет етеді. Пандемияға байланысты оның маңызы едәуір артады, сондықтан бір көзден сатып алуды жүзеге асыру негіздері қайта қаралатын болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік, квазимемлекеттік сатып алулардың көлемін ескере отырып, ұлттық компаниялар үшін рәсімдерді қатаандату ғана емес, шағын, орта бизнес пен жаңа нарық субъектілері үшін сатып алуға қолжетімділікті кеңейту ұсынылады;

4) бірыңғай мемлекеттік операторлардың санын азайту.

Арнаулы құқықтар берілген, жекелеген экономикалық функцияларды іске асыруға және қызметтерді монополиялық көрсетуге уәкілетті 50-ден астам нарық субъектісі анықталды. Белгілі бір нарық субъектілеріне арнаулы құқықтарды бекітіп беретін нормалардың болуы тиісті тауар нарықтарындағы бәсекелестікті шектейді және әдетте, тауарларды сатып алушылардың шығыстарын ұлғайтуға алып келеді.

Нарық субъектілеріне арнаулы құқықтар беру Кәсіпкерлік кодексте белгіленген бәсекелестікті осылайша шектеудің: конституциялық құрылышты сақтау, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, азаматтардың денсаулығын қамтамасыз ету мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуге тиіс.

Бұдан басқа, мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметіне тауарларды реттелетін бағалар бойынша өткізу, өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға (сабактас нарықтарға қатысуға) тыйым салу, олардың қызметін заңнамалық реттеу сияқты бірқатар шектеулер қолданылады. Бұл талаптардың болуы монополиялық құқықтың

булудына және оны теріс пайдаланудың жогары тәуекелдеріне байланысты. Баяндалғанды ескере отырып, мемлекеттік монополияның құқықтық режимі операторларға қолданылатын болады.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 3 қаңтарда қол қойған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның шеңберінде мемлекеттік және жекеше операторларды құру және олардың жұмыс істеу шарттары қатаң регламенттелді. Бұл конкурстық іріктеу, шектеулі қызмет мерзімі, бағаны келісу және негізгі емес қызметті жүзеге асыруға тыйым салу.

Құрылған операторларды қысқарту жөніндегі жұмыс жалғастырылады;

5) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін реттеу.

Қолданыстағы заңнаманың шеңберінде ӘКК алдында нақты мақсаттар мен міндеттер айқындалмаған. Өңірлік даму институттары ЖАО-ның қысқа мерзімді міндеттерін шешу кезінде жекеше бизнеспен бәсекелеседі. Осы проблеманы шешу үшін ӘКК-нің қызметін жетілдіру мәселелері жөніндегі Заң жобасы тұжырымдамасының жобасы әзірленетін болады.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерін жетілдіру

Бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерін жетілдіру қолайлы бәсекелес ортаны қалыптастыруға бағытталған монополияға қарсы шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Монополияға қарсы органдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру инфрақұрылымын дамыту, бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы қолдану жөніндегі түсіндірмелер мен ұсынымдар институттарын дамыту, құқық қолдануда және әдіснамалық көмекте бірыңғай тәсілдердің тұжырымдалуы мақсатында монополияға қарсы орган, сот және атқарушы билік органдары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мәселелері шешілетін болады. Әртүрлі тауар нарықтарының ірі қатысушыларының, оның ішінде сауда практикасы, баға саясаты тұтынушылардың әл-ауқатына тікелей әсер ететін қатысушылардың бәсекелестікке қарсы әрекеттерінің алдын алу мақсатында нарық субъектілерінің монополияға қарсы комплаенс актілерін қабылдауы бойынша қосымша ынталандырулар жасалатын болады. Бұл үшін монополияға қарсы комплаенстің ішкі актісін әзірлеу және енгізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар қабылданатын болады.

Экономикалық талдау сапасын арттыру қамтамасыз етіледі.

Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін, нарық құрылымын, кірудегі кедергілерді, мемлекеттің қатысуның бәсекелестікке әсерін бағалауга арналған талдау әдістемесінің пәрменді екеніне қарамастан, монополияға қарсы заңнаманы дамытудың қазіргі заманғы үрдістері нарықтық жағдайды толыққанды көп факторлы экономикалық талдауды бірінші орынға қояды.

Осыған байланысты, бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзы фактілерін қарau кезінде негізгі жұмыс эконометрикалық модельдер негізінде экономикалық

талдауды қолдануға шоғырландырылатын болады. Бұл ретте Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау әдістемесі осы жұмысты жүргізудің негізіне айналады.

Экономикалық талдау мен сараптауды неғұрлым сапалы қолдануды қоса алғанда, монополияға қарсы орган жұмысының ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында озық халықаралық тәжірибелің негізінде бәсекелестік жөніндегі бас экономист институтын (chief competition economist) енгізуудің орындылығы қаралатын болады.

Бәсекелестік туралы заңнама және тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу әдіснамасы цифрлық экономикаға қатысты жетілдірілетін болады.

Біріншіден, тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді өтеусіз беру, яғни тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді басқа тарапқа (мысалы, пайдаланушыларға) ақы алмай немесе оның есесіне өзге ештеңе ұсынылмай беру нарықтың шекарасын анықтауға кедергі келтірмейтіні, егер тауар немесе көрсетілетін қызмет сатып алушыға өтеусіз берілсе де нарықтың өмір сүре беретіні нақтыланады. Бұл түзету монополияға қарсы ведомствоның тауар немесе көрсетілетін қызмет (мысалы, интернет-іздеу, мессенджерлер) өтеусіз берілсе де, нарықтың шекарасын айқындаі алатынына күмән болмауы үшін заңға енгізіледі.

Екіншіден, цифрлық платформалардың ұstem жағдайын бағалау кезінде ескерілетін жаңа факторлар енгізіледі.

Біріктіруді тиімді талдау кез келген бәсекелестік режимінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл бәсекелес фирмалар арасындағы бәсекелестікті төмендететін және бәсекелестерді болдырмайтын бәсекелестікке қарсы мәмілелерден тұтынушыларға келетін зиянды болғызбауға көмектесуі мүмкін.

Монополияға қарсы орган қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында инвестициялық белсендерлікті ынталандыру үшін экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау кезіндегі бизнес-процестер оңтайландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушылардың халықаралық тәжірибеге ұқсас түрде құжаттардың аз санын ұсынуына мүмкіндік беретін өзгерістер заңнамалық деңгейде енгізілетін болады.

Жалпы, монополияға қарсы органның экономикалық шоғырлану жөніндегі мәмілелерді қарау процесін оңтайландырудың санамаланған бағыттары оның бәсекелестікке қауіпті мәмілелер жасалуының алдын алуға және нарық субъектілеріне жүктелетін әкімшілік рәсімдердің шығасыларын барынша азайтуға қабілетті қызметіне онынан әсер етуге тиіс.

Бұдан басқа, сабактас нарықтардағы бәсекелестікке талдау жүргізу жөніндегі міндет белгіленетін болады. Экономикалық шоғырлану жөніндегі шешімдерді негіздеу

мақсатында уәждеу бөлігіне тиісті тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйі және мәмілені жүзеге асырудың салдары туралы тұжырымдардың баяндалуын енгізу қамтамасыз етілетін болады.

*Ауыстырып қосудың шығасылары мен кедергілерін жою*

Нарықтардың ашықтығын ("Open markets") қамтамасыз ету.

1) ЭҮДҰ елдерінің үлгісі бойынша нарықтық тетіктің кемшіліктерін жеңілдетуге және сол арқылы тұтынушының игілігіне бағытталған шаралар іске асырылатын болады. Бұл жағдайда жүргізіліп жатқан экономиканы цифрландыру жағдайларында қосымшалар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдардың жалпыға қолжетімді жиынтығын білдіретін "ашық интерфейстер" жүйесін енгізу бойынша әлемдік практикада қарқын алып отырған тренд дамытылуға жатады.

Ашық интерфейстердің негізгі артықшылықтарына ең алдымен, барлық бизнес-процесстердің жылдамдығын ұлғайту, өнім желісін (ассортиментін) кеңейту есебінен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және тиімді ұсыныстарды ыңғайлы іздеу, тауарлық ұсынысты тұтынушылардың қалауын талдау және анықтау арқылы дербестендіру жатқызылады.

Бұл жағдайда тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) провайдерлерінің ақпараттық ресурстарын интеграциялау немесе өнімдерді талдау мен таратуға арналған салыстырмалы ресурстар (әртүрлі өнім берушілерден алынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпаратты көрсететін және оларды салыстыруға мүмкіндік беретін агрегатор-витриналар) құру үшін оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету міндеті тұр.

Осылайша, сатып алушылар тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) таңдау және өнім берушілерді ауыстыру үшін кең мүмкіндіктерге ие болады, соның нәтижесінде неғұрлым қолайлы мәмілелерді іздеу және сұранысты қайта бағдарлау жолындағы кедергілер жойылады, бұл тұтынушы үшін бәсекелестікті ынталандырады.

Оның үстіне, ақпараттық технологияларды енгізу тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) қашықтан сатып алуға мүмкіндік беретін электрондық платформаларды (market place) қалыптастыруға мүмкіндік береді, сол арқылы көрсетілетін қызметтер операторларын онлайн-ауыстырудың бәсекелестік тетігін қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда мұндай тетік тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы нарықтарда табыс табуға тиіс;

2) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңда жосықсыз бәсекелестік деп танылатын іс-қимылдардың шектеусіз аясы көзделген. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органы жосықсыз бәсекелестікті ашу тетіктерінің шеңберінде "уытты бәсекелестік" (toxic

competition), яғни нарық субъектілерінің тұтынушылардағы мінез-құлық әлсіздіктерін бірдейлендіру және пайдалану және оларды ақпараттың асимметриялығына негізделген иррационалды таңдау жасауға мәжбүрлеу практикасын қарайды.

Атап айтқанда, Ұлыбританияның монополияға қарсы органының тәжірибесі үлгісінде баға белгілеудің бес жосықсыз схемасы қаралатын болады.

## 6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

### 6.1. 2026 жылдың сонына қарай нысаналы индикаторлар:

орта кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі - ЖІӨ-дегі ЖҚҚ-ның 10,8%-ынан төмен емес;

бәсекелестіктің дамуын тежеятін тауар нарықтарына кіру кедергілерін жою - 2026 жылдың сонына қарай кемінде 54.

### 6.2. 2026 жылдың сонына қарай күтілетін нәтижелер:

1) "Көрсетілетін қызметтер саласындағы бәсекелестік" индикаторы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингі - 2026 жылға қарай 66 баллдан төмен емес;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі қуатқа және мемлекеттік қолдау шараларына "бәсекелі бейтараптық" қағидаттарында кемсітусіз қол жеткізуі;

**3) алып тасталды - КР Президентінің 04.09.2024 № 640 Жарлығымен.**

4) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысуы (мемлекеттің экономикаға қатысу үлесі) - 2026 жылға қарай 13,9%-дан төмен емес;

5) бәсекелестікті тиімді қорғау және дамыту үшін қолайлы институционалдық және ұйымдастырушылық орта;

6) Қазақстан Республикасы азаматтарының тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) берушілерді ауыстыруының тиімді тетігі.

Қазақстан Республикасында  
бәсекелестікті қорғау мен  
дамытудың 2022-2026 жылдарға  
арналған тұжырымдамаға  
ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022-2026 жылдарға  
арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгерістер енгізілді – КР Президентінің 26.09.2023 № 361;  
04.09.2024 № 640 Жарлықтарымен.**

№	Реформалардың/ негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5

1-нысанды көрсеткіш. Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі: 2022 жылы - 6,9%, 2023 жылы - 6,7%, 2024 жылы - 8,2%, 2025 жылы - 9,5%, 2026 жылы - 10,8%

2-нысанды көрсеткіш. Тауар нарықтарына кіру кедергілерін жою: 2023 жылы - 12, 2024 жылы - 13, 2025 жылы - 14, 2026 жылы – 15

#### 1-бапты. Негізгі қуатқа қол жеткізу

1.	1-іс-шара. Тауар биржалары арқылы міндettі тұрде өткізуге жататын тауарлардың (мұнай өнімдері, коммуналдық-тұрм ыстық көмір) ең аз үлесі мен көлемін айқындау	бұйрық, мұнай өнімдерін беру жоспары	2022-2026 жылдар IV тоқсан	СИМ, ЭМ, ИИДМ*, БҚДА
1-1.	1-1-іс-шара. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ету және тиісті жауапкершілікті бекіту	Бұйрық	2025 жылғы IV тоқсан	СИМ
2.	<b>Алып тасталды – ҚР Президентінің 26.09.2023 № 361 Жарлығымен.</b>			
3.	3-іс-шара. Мұнай мен мұнай өнімдерін қолданыстағы "алыс-беріс" беру схемасын қайта қараяу	ПӘ-ге акпарат	2022 жылғы IV тоқсан	ЭМ, БҚДА
4.	4-іс-шара. Әуежайларда жerde қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларына, сондай-ақ Әуежай аумағында әуежай қызметіне жатпайтын қызметтер көрсетуге қол жеткізу қағидаларына өзгерістер енгізу	бұйрық	2022 жылғы IV тоқсан	ИИДМ, БҚДА
5.	5-іс-шара. Әуежайды пайдалануши инфрақұрылымды пайдаланғаны үшін ал аттын инфрақұрылымдық алымды есептеу	бұйрық		ИИДМ, БҚДА

	әдістемесін әзірлеу және бекіту		2023 жылғы II тоқсан	
6.	6-іс-шара. МТЖ-ның көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу қағидаларына өзгерістер енгізу арқылы жекеше теміржол жүк тасымалдаушыларының кемсітусіз қол жеткізуін қамтамасыз ету	бұйрық	2023 жылғы IV тоқсан	ИИДМ, БҚДА
7.	7-іс-шара. Жекеше теміржол жүк тасымалдаушыларының инфрақұрылым операторының ақпараттық жүйелеріне тең қол жеткізуін қамтамасыз ету	ПӘ-ге ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	ИИДМ, БҚДА
8.	8-іс-шара. Еншілес компанияларын (ұялы байланыс операторларын) кезең-кезеңімен өткізу (сату) арқылы "Казактелеком" АҚ-ның компаниялар тобын монополиясыздандыру	ПӘ-ге ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	БҚДА, ЦДИАӨМ
9.	9-іс-шара. Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидаларына өзгерістер енгізу	бұйрық	2022 жылғы IV тоқсан	ЦДИАӨМ, БҚДА
10.	10-іс-шара. Өндіріштік өнеркәсіп орындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету қағидаларын қабылдау мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ұсыныстар	2022 жылғы IV тоқсан	ИИДМ, БҚДА
2-бағыт. Тауар нарықтарына кірудің әкімшілік және экономикалық кедергілерін қысқарту				
	11-іс-шара. Әлеуметтік маңызы бар маршруттар			

11.	бойынша ұлттық теміржол тасымалдаушысы келісімдерінің қолданылу мерзімдерін (5 жылдан 20 жылға дейін) айқындаудың регламенттелуін нақтылау	ПӘ-ге ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	ИИДМ
12.	12-іс-шара. Жекеше теміржол тасымалдаушылары ның халықаралық қатынастарда тасымалдарды жүзеге асыруға қол жеткізуін қамтамасыз ету	ПӘ-ге ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	ИИДМ
13.	13-іс-шара. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауды ескере отырып, электрмен жабдықтау ұйымдарының тарифтерін теңестіру жөнінде шаралар қабылдау	ПӘ-ге ақпарат	2022 жылғы IV тоқсан	ҰӘМ, БҚДА
14.	14-іс-шара. Тиісті тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне монополияға қарсы орган жүргізген талдаудың нәтижелері бойынша жетекшілік ететін салаларда бәсекелестікті дамыту жөніндегі жол карталарын әзірлеу және бекіту	тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту жөніндегі жол карталары	IV тоқсан, жыл сайын	Салалық ОМО, БҚДА

3-бағыт. Кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету

15.	Алып тасталды – КР Президентінің 26.09.2023 № 361 Жарлығымен.			
16.	16-іс-шара. Ауыл шаруашылығында субсидияларға кемсітусіз қол	ПӘ-ге ақпарат		АПМ, БҚДА

	жеткізуді қамтамасыз ету		2023 жылғы IV тоқсан	
4-багыт. Мемлекет қатысатын нарық субъектілерінің үлесін қысқарту				
17.	<b>Алып тасталды - КР Президентінің 04.09.2024 № 640 Жарлығымен.</b>			
18.	18-іс-шара. Жолаушыларды тасымалдау қызметіне қатысатын квазимемлекеттік сектор компаниялары акцияларының пакетін өткізу мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ұсыныстар	2023 жылғы IV тоқсан	ИИДМ, БҚДА
19.	19-іс-шара. Республикалық және облыстық манызы бар қалаларда мемлекет қатысатын 6 автобус паркін жекешелендіру мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ұсыныстар	2023 жылғы II тоқсан	БҚДА, ЖАО, ИИДМ
20.	20-іс-шара. Тиісті т а у а р нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне мемлекеттік тапсырмалар институтының қатысуы мен ықпалын барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру	ПӘ-ге ақпарат	IV тоқсан, жыл сайын	БҚДА
21.	21-іс-шара. Арнаулы құқықтың жекелеген субъектілерінің қызметіне талдау жүргізу және олардың функцияларын бәсекелес ортага беру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау	ПӘ-ге ұсыныстар	2026 жылғы IV тоқсан	БҚДА, ҰӘМ, Каржымині
	21-1-іс-шара.			

21-1.	Бірыңгай операторлардың санын азайтуға бағытталған Зан жобасының әзірлеу	Зан жобасы	2023-2025 жылдар IV тоқсан	БҚДА
22.	22-іс-шара. Квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлері тізбесінің жаңа форматын қалыптастыру	ПӘ-ге ақпарат	2024 жылғы II тоқсан	БҚДА
23.	23-іс-шара. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, оның ішінде "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның сатып алуды өткізу тәсілдерін қайта карау	ПӘ-ге ақпарат	2022 жылғы IV тоқсан	Каржымині, БҚДА
24.	24-іс-шара. Мемлекеттік сатып алуларда бір көзден сатып алу негіздерін қысқарту	Зан жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	Каржымині, БҚДА

5-бағыт. Бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерін жетілдіру

25.	25-іс-шара. Бәсекелестікке эсер етуге бағалау жүргізу қағидаларын қабылдау	бүйрық	2022 жылғы IV тоқсан	БҚДА
26.	26-іс-шара. Монополияға қарсы комплаенстің ішкі актісін әзірлеу және енгізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды қабылдау	бүйрық	2022 жылғы II тоқсан	БҚДА
27.	27-іс-шара. Тауар нарығындағы, оның ішінде цифрлық нарықтарды ескере отырып, бәсекелестіктің жай-куйіне талдау	бүйрық	2023 жылғы IV тоқсан	БҚДА

	жүргізу әдіснамасын жетілдіру			
28.	28-іс-шара. Ұсынымдары бар (бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың әрбір түрі бойынша ықтимал жауапкершілік шараларымен бірге) гайдлайндарды (жолсілтемелерді) өзірлеу	әдістемелік құрал	2026 жылғы IV тоқсан	БҚДА
29.	29-іс-шара. Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзудың барлық түрлері бойынша көрnekі кейстер жинағын өзірлеу	жинак	2026 жылғы IV тоқсан	БҚДА
30.	30-іс-шара. Бәсекелестік жөніндегі бас экономист институтын енгізу мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ұсыныстар	2023 жылғы IV тоқсан	БҚДА

6-багыт. Ауыстырып қосудың шығасылары мен кедергілерін жою

	31-іс-шара. Тұтынушылар үшін тауар нарықтарында ауыстырып қосудың шығасылары мен кедергілерін жоуды қамтамасыз ететін тетіктерді енгізу мәселесін пысықтау	ПӘ-ге ұсыныс	2022 жылғы IV тоқсан	БҚДА, ОМО
31-1.	31-1-іс-шара. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларына тұтынушының	Бұйрық	2025 жылғы IV тоқсан	

	электр энергиясын берушіні ауыстыру рәсімінен өтуіне жұмсалатын жұмыс күндерінің санын кезең-кезеңімен қысқарту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу			ЭМ, БҚДА, "ЭҚРҚО" АҚ (келісім бойынша)
32.	32-іс-шара. Домофонның, лифтінің, басқарушы компаниялардың көрсетілетін қызметтерін берушілерді ауыстыру бойынша электрондық платформаларды үйымдастырудың құқықтық жағдайларын жасау	бұйрық	2022 жылғы IV тоқсан	ИИДМ, ЦДИАӨМ, БҚДА
33.	33-іс-шара. Акпараттың асимметриялығына негізделген жосықызыз баға белгілеу практикаларын қараяу	ПӘ-ге акпарат	2023 жылғы IV тоқсан	БҚДА
34.	34-іс-шара. Артық қаржылық және қаржылық емес көрсетілетін қызметтерді тану практикасын жою	Агенттік басқармасының қаулысы	2022 жылғы IV тоқсан	ҚНРДА
35.	35-іс-шара. Қаржылық қызметтер көрсету кезінде комиссияларды төмөндөту жөніндегі шараларды әзірлеу	ПӘ-ге акпарат	2023 жылғы IV тоқсан	БҚДА, ҚНРДА
36.	36-іс-шара. Әртүрлі банктердің клиенттері арасында мәмілелер м е н транзакцияларды жүргізу кезінде	ПӘ-ге акпарат	2023 жылғы IV тоқсан	БҚДА, ҰБ, ҚНРДА

инфрақұрылымдық  
кедергілерді жою  
жөніндегі  
шараларды әзірлеу

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПӘ - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

АҚ - акционерлік қоғам

АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

БҚДА - Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

ИИДМ - Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ЖАО - жергілікті атқарушы органдар

ЖІӨ - жалпы ішкі өнім

ЖКҚ - жалпы қосылған құн

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚНРДА - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

МТЖ - магистральдық теміржол желісі

ОМО - орталық мемлекеттік органдар

СЖРА - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

СИМ - Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі

ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҰӘМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ЭМ - Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

\* - "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігіне қатысты.